*Ельмуратов Гани Жумабаевич* – кандидат политических наук, профессор кафедры философии и социальных наук, НАО «Торайгыров университет», Республика Казахстан, 140008, г.Павлодар, ул.Рамазанова 7а, тел: 8-705-169-42-57, e-mail: [\\_gani\\_g@mail.ru](mailto:_gani_g@mail.ru).

*Ельмуратова Ботагоз Жумабаевна* – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор (доцент) кафедры Истории Казахстана, НАО «Торайгыров университет», Республика Казахстан, 140008, г.Павлодар, ул. Жаяу-Мусы 1, тел: 8-701-480-27-70, e-mail: [e\\_botagoz@mail.ru](mailto:e_botagoz@mail.ru).

*Кулумбаева Майса Жумабаевна* – магистр культурологии, старший преподаватель кафедры Истории Казахстана, НАО «Торайгыров университет», Республика Казахстан, 140008, г.Павлодар, ул.Жаяу-Мусы 1, тел:8-702-180-38-00, e-mail: [k\\_maisa1968@mail.ru](mailto:k_maisa1968@mail.ru).

*Kaliyeva Ainagul Balgauovna\** – Candidate of Biological Sciences, Associate Professor of the Department of Biology and Ecology, Toraighyrov University NJSC, Republic of Kazakhstan, 140008, Pavlodar, 162/3 Chokin Str., tel.: 8-701-762-62-75, e-mail: [ainanurlina80@mail.ru](mailto:ainanurlina80@mail.ru).

*Yelmuratov Gani Zhumabayevich* – Candidate of Political Sciences, Professor of the Department of philosophy and social sciences, Toraighyrov University NJSC, Republic of Kazakhstan, 140008 Pavlodar, 7a Ramazanova Str., tel.: 8-705-169-42-57, e-mail: [gani\\_g@mail.ru](mailto:gani_g@mail.ru).

*Yelmuratova Botagoz Zhumabayevna* – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan, Toraighyrov University NJSC, Republic of Kazakhstan, 140008, Pavlodar, 1.Zhayau-Musa Str., tel.: 8-701-480-27-70, e-mail: [e\\_botagoz@mail.ru](mailto:e_botagoz@mail.ru).

*Kulumbayeva Maisa Zhumabayevna* – Master of Cultural Studies Senior Lecturer at the Department of History of Kazakhstan, Toraighyrov University NJSC, Republic of Kazakhstan, 140008, Pavlodar, 1.Zhayau-Musa Str., tel.: 8-702-180-38-00, e-mail: [k\\_maisa1968@mail.ru](mailto:k_maisa1968@mail.ru).

*Калиева Айнагуль Балғақызы\** – биология және экология кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доценті), биология ғылымдарының кандидаты, «Торайгыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, 140008, Павлодар қ., Шокин к., 162/3, тел: 8-701-762-62-75, e-mail: [ainanurlina80@mail.ru](mailto:ainanurlina80@mail.ru).

*Ельмуратов Гани Жұмабайұлы* – философия және әлеуметтік ғылымдар кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доценті), саясаттану ғылымдарының кандидаты, «Торайгыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, 1400008, Павлода қ., Рамазанов к., 7а, 8-705-169-42-57, e-mail: [\\_gani\\_g@mail.ru](mailto:_gani_g@mail.ru).

*Ельмуратова Ботагоз Жұмабайқызы* – Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доценті), тарих ғылымдарының кандидаты, «Торайгыров университеті», коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, 1400008, Павлодар қ., Жаяу-Муса к., 1, тел: 8-701-480-27-70, e-mail: [e\\_botagoz@mail.ru](mailto:e_botagoz@mail.ru).

*Кулумбаева Майса Жұмабайқызы* – Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, мәдениеттану магистрі, «Торайгыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, 1400008, Павлодар қ., Жаяу-Муса к., 1, тел: 8-702-180-38-00, e-mail: [k\\_maisa1968@mail.ru](mailto:k_maisa1968@mail.ru).

ӘОЖ 371.8.08

FTAMP 14.27.05

[https://doi.org/10.52269/22266070\\_2023\\_4\\_171](https://doi.org/10.52269/22266070_2023_4_171)

#### СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІН ТӘРБИЕЛЕУ

*Куанышбаева З.Б.* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы.

Бастауыш сыныптарда баланың рухани әлемі мен адамгершілік бейнесінің маңызды қасиеттерін қалыптастырып, мінез-құлқы, еркіндігі мен моральдық келбетінің ерекшеліктерін

есепке ала отырып әрбір ұстаз оқу мен тәрбие үрдісін нәтижелі ұйымдастырудың өзектілігі мақала мазмұнында баяндалады. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының бойында әдепті мінез-құлық пен мәдениетілікті қалыптастыруда сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың маңыздылығы қарастырылған. Бастауыш сынып оқушыларының әдепті іс-әрекеттері мен дүниетанымдық көзқарастары, салауатты дағдылары мен ұнамды мінез-құлық нормаларын сақтау сыныптан тыс жұмыстар мен мұғалімнің шеберлікпен ұйымдастарған жұмыстардың мазмұнында екендігі мақалада айтылған. Мақала мазмұнында бастауыш сынып оқушыларының бойында өнегелі мінездің болуы білім беру ұйымдарындағы сыныптан тыс тәрбие жұмыстары мен отбасының бірлескен тәрбиелік жұмыстарға байланысты екендігі көрсетіледі. Сабақтан тыс оқу және тәрбиелік іс-әрекеттер оқушылардың мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруына ықпал жасап, мәдени дағдыларды игеруге, өз жауапкершілігін арттыруға септігін тигізетіні көрсетілген. Зерттеу жұмыстарының мазмұны мен нәтижесі мақала мазмұнында сипатталып, бастауыш сынып оқушысының мінез-құлық мәдениетінің негізгі қызметтері мен сыныптан тыс жұмыстарда кітап оқу, саяхат, серуен, байқаулар, көркемөнер т.б. шығармашылық және әдістемелік жұмыстарды жүйелі жоспарлау қажеттілігі баяндалады.

**Түйінді сөздер:** мінез-құлық, мәдениет, сыныптан тыс жұмыс, тәрбие, адамгершілік, қарым-қатынас, әдептілік, рухани тәрбие.

### ВОСПИТАНИЕ КУЛЬТУРЫ ПОВЕДЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ВНЕКЛАССНУЮ ВОСПИТАТЕЛЬНУЮ РАБОТУ

*Куанышбаева З.Б. – старший преподаватель кафедры методика начального обучения, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, г.Шымкент, Республика Казахстан.*

*В данной статье рассматривается важность организации внеурочной деятельности в воспитании культуры поведения младших школьников и методика организации воспитательной работы. В начальных классах формируются важнейшие качества духовного мира и нравственного образа ребенка, формируются особенности его поведения, свободы и нравственного облика. Внеурочная учебная, рабочая, игровая деятельность способствует формированию культуры поведения учащихся, способствует полноценному формированию духовных ценностей, приобретению культурных навыков, повышению их ответственности. В содержании статьи отмечается, что негативное поведение младших школьников, непристойные действия между старшими и сверстниками являются следствием неправильных действий, происходящих в окружающей среде. Наличие нравственного характера у младшего школьника связано с качественной организацией воспитательной работы. Основные функции культуры поведения младшего школьника и требования к воспитанию анализируются в содержании статьи. Во внеурочной деятельности использование внеклассных чтений, путешествий, художественных и т.д. творческих работ является продуктивной работой.*

**Ключевые слова:** поведение, культура, внеклассная работа, воспитания, нравственность, общение, порядочность.

### BUILDING THE CULTURAL BEHAVIOR OF YOUNGER SCHOOLCHILDREN THROUGH EXTRACURRICULAR EDUCATIONAL WORK

*Kuanyshbayeva Z.B. – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of methods of primary education, South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.*

*This article discusses the importance of organizing extracurricular activities in the education of the cultural behavior of younger schoolchildren and the methodology of organizing educational work. In primary school, the most important qualities of the mental world and the moral image of the child are formed, including the peculiarities of his or her behavior, freedom and morals. Extracurricular educational, work, and play activities contribute to the formation of the cultural behavior of students, to the full formation of spiritual values, the acquisition of cultural skills, and the increase of their responsibility. The article notes that the aversive behavior of younger schoolchildren, obscene actions between seniors and peers are the result of improper actions occurring in the environment.*

*The presence of a moral character in the younger students is associated with the qualitative organization of educational work. The main functions of the cultural behavior of the younger students and the requirements for education are analyzed in the article. During the extracurricular activities, the use of extracurricular reading, travel, art and other creative activities is quite efficient.*

**Key words:** behavior, culture, extracurricular activities, education, morality, communication, decency.

**Кіріспе.** Жас ұрпақтың мінез-құлқындағы мәдениеті мен өнегелі тәрбиесі қазіргі таңда әрбір білім беру жүйесінде, сонымен қатар әрбір отбасында ең өзекті де күрделі мәселелердің бірі екені анық. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінде және Қазақстан Республикасының жалпы білім беру «тұжырымдамасында» жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, рухани-адамгершілікті қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін жағдайлар жасау міндеті ерекше аталуы көтеріліп отырған мәселенің қоғам талабынан туындап отырғандығын және тақырыптың өзектілігін дәлелдейді және білім беру жүйесінің алдында оқыту мен тәрбиелеу үрдісін жаңаша деңгейге, өзгеріп жатқан өмірге бейімдеуге бағыттау қажеттігін көрсетеді [1].

Бүгінгі таңда қоғамдағы ірі өзгерістер және ғылым мен техниканың дамуы мен әртүрлі ақпараттық құралдар жас ұрпақтың бойында жағымды мінез-құлықтың қалыптасуына әсер етіп, мектептегі оқу-тәрбие үрдісін жетілдірудің балама жолдарын жасауды қажет етіп отыр. Сонымен бірге балалар көбінесе отбасында әртүрлі мінез-құлқын қалыптастырып, білім ордасында тәрбие үрдісіне де үлкен үлес қосуын, тәрбие жұмысын жүйелі ұйымдастыруды қажет етіп отыр. Балалардың бойында оң қасиеттерге баулып, теріс мінез-құлықтарды, әрекеттерді болдырмау педагогикалық іс-қимылдардың тиімді ұйымдастыруына байланысты болады. Қазіргі таңда оқушылардың сабақта алған білімдері олардың мәдениетті мінез-құлқының қалыптасуына тікелей әсер ете бермейтіні көрініс табуда. Сондықтан да оқушының мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру сыныптан тыс ұйымдастырылған жұмыстар арқылы іске асуы қажет. Өйткені баланың мінез-құлқына әлеуметтік, экономикалық факторлармен бірге биологиялық, психологиялық, демографиялық факторлар да әсер етеді. Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуде сыныптан тыс ұйымдастырған жұмыс мұғалімнің бойындағы рухани күштерді түгелдей іске қосуды ақылгөйліктен туған шыдамдылық пен ұлы сүйіспеншілікті, балаларға деген, өз ісіне деген сүйіспеншілікті талап етеді.

**Негізгі бөлім.** Қазіргі уақытта оқушылардың мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарда оқушының жас және дербес ерекшеліктерін ескере отырып терең және қызықты танымдық және тәрбиелік мазмұнмен ұйымдастырылса, жұмыстың сапалы болғанын көрсетеді. Ол үшін мұғалімге сыныптан тыс тәрбие жұмысын, еңбек іс-әрекетін т.б. жоспарлау сәтінен бастап оқушылардың мінез-құлық мәдениетінің ерекшеліктерін ескере отырып, өмірде өз орнын табу үшін қандай қасиеттерді сіңіруде бағыт бағдар беру керек. Дегенмен әрбір істің негізгі мәселелерді шешуде біз ғылыми басылымдарға шолу жасап, өзіндік мәдениеттілік мәселесі аясында және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру аясында көптеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасадық.

Мектеп оқушыларының бойында жүріп-тұрудың мәдениетін тәрбиелеу мәселесі педагогика ғылымының көрнекті өкілдерді Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, И.Д.Ушинский, кеңестік педагогика теоретиктері А.С.Макаренко, Н.К.Крупская, С.Т.Шацкий, В.А.Сухомлинский, И.И.Болдырев, И.С.Марьенко, В.И.Петрова сияқты ғалымдардың еңбектерінде де басты көрініс тапқан. Қазақ халқының сан ғасырлық өзіндік мінез-құлық мәдениеті туралы құнды ой-пікірлер, оларды жастар бойында тәрбиелеудің көптеген мәселелері белгілі ақын-жыраулар – Асан Қайғы, Ақтамберді, Бұқар жырау, Дулат Бабатайұлы т.б. көркем шығармаларында ерекше аталған. Отандық ағартушы ғалымдардың еңбектерінде де тұлғаның адамгершілік қасиеті мен қарым-қатынас мәдениеттілігін қалыптастыру мәселесі ерекше қарастырылған. Атап айтсақ, Ж.Аймауытов, С.А.Ұзақбаева, С.М.Төрениязова, С.Қожагельдиева, Р.Төлеубекова, А.Капенова, Л.Керимов т.б.

Ғ.Дүкенбаева өз шығармасында егер адамның іс-әрекеті мен жүріп-тұруынан көркемдік пен әсемдіктің орны байқалмаса, онда ақыл-парасаттылық пен адамгершілік қасиеттің ойлаған ойына қол жеткізе алмайды деп айтып өткен.

Рейсейлік ғалымдардың мектеп оқушыларының саналы тәртібі мен адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу мәселесіне көп көңіл аударып ғылыми еңбектерінде сыныптан тыс жұмыстарда ұнамды мінез мен саналы әрекеттің құндылығын айта отырып, тәрбиенің өзгеруі уақытқа, яғни қоғамның өзгеруінде екенін және жеке тұлғаның адамгершілік сапасы тек өмірде, еңбекте және қоғамдық іс-әрекеттерде өңделеді дей келе, мектеп тәжірибесіндегі тәрбиенің негізгі бағыты оқу мен еңбектің бірігуімен мектептің оқу-тәрбие процесінің талаптарын былай көрсетеді:

- саналы тәртіп пен адамгершілік тәрбиесінің арасындағы байланыстың мәнінде;
- оқушының саналы тәртібі мен адамгершілік қасиетіне педагогтың әсері;
- оқушының саналы тәртібіне педагогикалық әсерімен өзара әрекеттесу механизмін ашу;
- оқушыны өнегелі тәрбиелеуде ұжым арқылы әрекеттесу әсерінің мүмкіндіктерін пайдалану.

[2, 116 б.]

Білім беру ұйымдарында сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселесі бойынша Н.И.Болдырев өз еңбегінде мектеп оқушысының тыныс тіршілігін оның мүдделері мен бейімділігінің, ерік-жігері мен мінезінің ерекшеліктерін зерттеу – «Бұл бала жүрегіне төте жол табуды педагогикалық ықпалдың неғұрлым пайдалы әдістерін қолдануды білдіретінін атап көрсетеді». Сыныптан тыс өткізілетін іс-шаралар оқушыға кең көлемде тәрбиелік әсер етеді:

- Іс-тәжірибеде қолдана алатын іскерлік білік, дағдыларын қалыптастыру, сыныптан тыс жұмыстарға қатысу арқылы әлеуметтік ортаға бейім тәжірибені меңгеру мүмкіндігі;
- оқушылардың әртүрлі іс-әрекеттерге қызығушылығын ояту арқылы іс-шараларға өздігінен және белсенді қатысу;
- оқушының жеке тұлғалық қасиетін дамыту арқылы ұжымда қарым-қатынас орната алу мүмкіндігі;
- шығармашылық қабілет мен қызығушылық танытқан жағдайда сыныптан тыс жұмыстарға қатысу мүмкіндігі;
- сыныптан тыс жұмыстарға қатысудың күнделікті мониторингі кезінде жеке тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасу деңгейін дамыту мүмкіндігі;
- сыныптан тыс жұмыстар арқылы шығармашылық, зияткерлік, арнайы мүмкіндіктерді қалыптастыру;
- ата-аналардың кез-келген бос уақытында сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыруы барысында жеке тұлғаны дамыту мен қалыптастыруда тиімді жақтары.

Н.П.Горбуновтың ғылыми еңбегінде сыныптан тыс жұмыстар оқушының мектепке бейімделуіне қолайлы екендігі және баланың дамуына, жұмыс жасауға мүмкіндігін туғызатыны көрсетілген [3,9 б.].

Ұлы халқымыз «Көз көргенін, көсеу түрткенін біледі» - деп айтқан екен. Егер де сәби осы өмірге әдепті, тәрбиелі бол келсе, оған үлкендер тарапынан тәлім-тәбие беріліп, қолдау жасалса бала бойында жақсы мінез-құлық қалыптасады. Жүсіпбек Аймауытов «Адам мінезінің, ақыл қайратының әр түрлі болуы тәрбиенің түрлі болуынан. Адам баласының теріс әрекет етуі, мінез көрсетіп, дөрекі сөйлеуі тәрбиенің жетіспегендігінен» - дейді. Осыған байланысты әрбір баланың бойында жақсы мінез, адамгершілік қасиеттер қалыптастыруда тәрбиелік іс-шараның мазмұнына аса мән беру керек.

Зерттеу жұмыстары бойынша көптеген психологтардың еңбектерінде баланың басты проблемасы мінез-құлықтың ерекшеліктерімен қаншалықты байланысты болмаса да, ортаның талабына қарай өзгеріп отыратын психикалық процестің жұмылдырушылығы мен бейімделушілігінің төмендеу тәсілдерінің түрлері де тап сондай дұрыс болмайтын жағдайлары айтарлықтай жиі кездеседі дейді. Оқушының мінезінің қалыптасу нәтижелілігі ең алдымен отбасымен қоршаған ортасына, мектептегі білім беру үрдісі мен сыныптан тыс тәрбие жұмысына тәуелді болады. Отбасы мен мектеп жақсы тәрбие берсе де оқушының рухани адамгершілік қасиеті, еңбекке баулу тәрбиесі, қоршаған ортаға деген көзқарасы да жоғары болады.

Мектеп оқушысының мәдениетті мінез-құлқы жан-жақты іс-әрекеттермен сипатталады. Оқушының мінез-құлық мәдениеті қоғамда және адамның қарым-қатынасында маңызды қоғамдық қызметтер атқарады [4, 75 б].

Оқушының мінез-құлық мәдениетінің негізгі қызметтері мыналар:

- тазалық сақтау, гигиеналық талаптарды сақтау;
- қоғамдық орындарда әдептілік сақтау қызметі;
- қоршаған ортада саналы іс-әрекет ету қызметі;
- адал еңбек ету қызметі;
- адамгершілік қасиеттер қызметі;
- кісіге деген құрмет қызметі;
- қарым-қатынас қызметі.

Біздің зерттеу жұмысымызда педагогикалық еңбектерге талдау жүргізуде «Баланы адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі құралы – халық педагогикасы мен ұлттық салт дәстүрлер» - деп көрсетілген көптеген ғылыми жұмыстар мен әдеби шығармалармен таныстық. «Халқым қандай десең, салтымнан сынап біл» - осы салт-дәстүрлерден сол ұлттық мінез-құлқы, үлгі-өнегесі, зейін-зердесі, даналығы, ерекшелігі, шешендігі, тапқырлығы, ақыл-парасаты, айналадағы ортаға моральдық, этикалық, танымдық көзқарасы көрінетінін аңғардық. Мағжан Жұмабаевтың «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында сол ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» - деген «педагогика» еңбегінде баланы адамгершілікке ұлттық мұрамен тәрбиелеуден бастау керек деп айтылған тұжырымдаманың құнды екенін атап кеткіміз келеді.

Р.А.Касимовтың зерттеу жұмысында мәдениетті салауатты тұлға ғана нақты дұрыс қадам жасап, әрбір іс-әрекетте белсенділік танытып, қозғаушы күш арқылы оның мотивациясы артып, уәждемесі қозғаушы күш болып табылатын және қарым-қатынаста денсаулығын сақтап, күтуде субъектілік ұстаным ұстайтынын көрсеткен [5,63 б.].

Мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеудің негізгі және қажетті шарты – мектептегі күнделікті педагогикалық іс-әрекетте және отбасында тәрбиені ұйымдастыру арқылы құндылықты қалыптастыру болып табылады. Мектеп практикасында адамгершілік нормалары мен ережелерін ақпараттандыру және түсіндіру бойынша жұмыс оқу процесінде, балалардың күнделікті өмірі мен қызметі кезінде және арнайы жоспарланған әңгімелерде жүзеге асырылады. Адамгершілік нормалары туралы оларды оқыту процесінде, білімді-оқу процесінде, негізінен оқу және тәрбие сағаттарында дамыту қажет.

Тіпті К.Д.Ушинскийдің өзі баланың адамгершілік жағынан қалыптасуына олардың кітап оқуының маңызды екенін атап көрсеткен болатын. Ол кез-келген туынды балаға өмірдің белгілі бір қырын танытатындығын айтқан.

Бірақ мінез ерекшеліктерінің қалыптасуында биологиялық факторлардан гөрі тәрбиенің ролі күшті. Бұл жөнінде академик И.П.Павлов: «.....адамның мінез-құлқының бейнесі нерв жүйесінің туа біткен қасиеттеріне ғана байланысты болып қоймайды. Сонымен бірге организмнің жеке өмір сүру барысында болатын ықпалдарға да байланысты, демек, кең мағынасында айтқанда, үнемі тәрбиелеу немесе үйрету жұмыстарына да байланысты болады».

Әрбір ағартушының және ғалымдардың пікірілері мен тұжырымдамаларын есепке ала отырып, зерттеу жұмысымызда біз оқушының мінез құлық мәдениетін тәрбиелеуде мұғалімнің сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлы және жүйелі ұйымдастыруы қажет деп есептейміз. Сонымен бірге әдістемелік жұмыстарды жоспарлы ұйымдастырып, іс-әрекетке қатысушы тұлғаның жеке ерекшеліктерін анықтай отырып, жұмысты жүйелі жоспарлау қажет деп есептедік. Дегенмен әрбір тұлғаны қалыптастыруда қарым-қатынас жасау іс-әрекетінің орыны ерекше екенін атаймыз. Өйткені оқушыға берілген білімен өнегелі тәрбие қарым-қатынас арқылы тұлғада ұнамды мінез-құлық қалыптасады.

**Зерттеу материалдары және әдістері.** Зерттеу деректерге сүйенсек, мінез-құлық мәдениетінің негізі – бұл жеке басқа қойылатын талаптар, мектеп оқушыларының тәртіп ережелері, қоғамдық ұйымдар, әдеп, өнер, еңбек ұжымы, өзін - өзі басқару болып табылады.

Зерттеу жұмысымыз бойынша бірқатар мектептердің бастауыш сынып оқушыларымен сыныптан тыс жұмыстардағы оқу, еңбек ету, ойнау іс-әрекеттері бақылауға алынды. Бастауыш сынып оқушыларының сынып жетекшісі оқу жылының басталысымен мектептің тәртібі мен белгіленген ережелерге сәйкес жұмыс жасайтыны анықталды. Әрбір ұстаз алғашқы күндерден бастап балалармен қандай жұмыс жүргізу керек екендігін, балалармен қарым-қатынаста үлгі болатын өнегелі істерді көрсетіп дамытып отыруы қажет. Мінез-құлық нормалары мен ережелеріне сай жұмысты ұйымдастыруда әрбір оқушының өзіндік психологиялық ерекшелігі есепке алынуы қажет.

В.А.Сухомлинский айтқан, «бала мінезін қалағанымызша иелеуге болады, мұнда шәкірт ұжымның, жақсы ортаның дұрыс қоғамдық пікірдің орны ерекше». Тәрбиенің негізгі маңызды саласы-адамгершілік тәрбиесі, адамгершілік пен әдептілік, үлкендер мен кішілер арасындағы қарым-қатынас мәдениеті.

Мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру жұмысының негізі:

- мұғалім оқушыларға мәдени тәртіптілікті және үлгілі болуды үйрету қажет;
- оқушылардың іс-әрекетінде дұрыс мінез-құлықтың дағдылары мен ережелері игерілуі қажет;
- оқушылардың тәртіптілігін бақылауға алуды қалыптастыру;
- мұғалім оқушылардың тәртібіне объективті баға беру қажет;
- мұғалімнің оқушылармен жұмысында жеке көңіл аударылып жұмыс істеуі қажет.

Мектеп оқушыларының саналы мінез-құлқының қалыптасуы оқушылардың мінез-құлық режимін сақтау қажеттілігін түсінуі мен қоғамдық талаптар, ережелерді орындау қажеттілігі, мінез-құлықтағы өзін-өзі бақылауды және қарым-қатынасты қамтиды.

Балалардың бойында саналық пен мәдениеттілікті тәрбиелеуде басты психологиялық жағдай – бала эмоциясындағы жақсы әсері, физиологиялық және ішкі жан дүниесінің, өзін-өзің өзі қолайлы сезінуіне көңіл бөлген дұрыс. Көп жағдайда бұл қоршаған ортадағы қарым-қатынас стиліне, мектептегі және отбасындағы жағдайларға байланысты болып табылады. Баланың басты мазалайтын мәселесі мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты болмағанның өзінде де, қоршаған ортаның талаптарына байланысты өзгеретін психикалық үдірістің әсері мен бейімделуін теріс әсеріне қатысты әдістерінің түрлерінің кері әсері жиі кездесіп отырады.

Балаларды саналы және мәдени тұрғыдан тәрбиелеудегі маңызды психологиялық жағдай-бұл баланың жақсы эмоционалды күйде болуы болып табылады, сонымен қатар физиологиялық және ішкі жан дүниесінің, өзін-өзі жақсы сезінуіне көңіл бөлу. Көп жағдайда бұл қоршаған ортадағы қарым-қатынас стиліне, мектептегі және отбасындағы жағдайға байланысты. Баланың басты мәселесі мінез-құлық ерекшеліктерімен онша байланысты болмаса да, қоршаған ортаның талаптарына байланысты өзгеретін психикалық үдірістің жұмылдырылуы мен бейімделуін төмендету тәсілдерінің түрлері де жиі кездеседі.

Зерттеу жұмысында мектеп мұғалімдерімен ата-аналармен жүргізілген сауалнамалар, оқушылармен жүргізілген тәрбиелік іс-шаралардағы жұмыстар бірқатар зерттеу жұмысымыздың негізгі мәселенің жауабын анықтауға септігін тигізді. Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу үдірісіндегі зерттеу нәтижелері толықтай эксперименттік тексеруден өткізіліп отыр. Сыныптан тыс ұйымдастырылған жұмыс мұғалімнің біліктілігі және шығармашылық қабілетінің сипатына талап етіп қоймай ұстазы мен шәкірті арасындағы бір-біріне деген түсінушілік, қарым-қатынас жақсы нәтиже көрсете алды.



Бастауыш сынып оқушылары бойында жүріп-тұрудың мәдениетін тәрбиелеу барысында сыныптан тыс шараларды ұйымдастыруды эксперименталдық-тәжірибелік жұмысын мынандай кезеңдерге бөліп қарастырдық (1 кесте).

Кесте 1 – Оқушылардың эксперименталдық-тәжірибелік жұмысының кезеңдері

1-кезең	Анықтау эксперименті	Сауалнама, сұхбат, сұрақ-жауап, әңгіме, бақылау, байқау, анкета т.б	Жүргізілген жұмыстың нәтижелері кейінгі жұмыстармен салыстыру үшін пайыздық есеппен шығарылды.
2-кезең	Қалыптастыру эксперименті	Бастауыш сынып оқушыларына арналған тәрбиелік білімді практика кезінде оқушының санасына қалыптастыру.	Сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың бойында адамгершілік рухани құндылықтарды қалыптастыруда ізеттілік, сыйластық, әдептілік, мәдениетті сөйлеу дағдысын қалыптастыру.
			Ұлттық тәрбиенің ғылыми-теориялық негізі туралы білім-білігін көтеру.
3-кезең	Бақылау, қорытындылау кезең	Зерттеу жұмысының нәтижесі мен тәрбиелік іс-шаралардың нәтижесін шығару.	Оқушының бойында қоршаған ортаға көзқарастарын, салауатты дағдысын, қарым-қатынаста мінез-құлық ережелерін сақтаудың маңызын түсіну.

Екінші кезеңде бастауыш сынып оқушыларының мәдени мінез-құлқын қалыптастыруға үлкен мән берілді. Бұл кезеңде оқушының мәдениетін, саналы іс-әрекетін, әдептілігін, сыпайылығын, адамгершілігін, қарым-қатынасын, рухани әл-ауқатын, қоршаған ортаға қатынасын қалыптастыру қарастырылды. Осы кезеңде педагогикалық әдістемелік нұсқаулар, арнайы курс бағдарламасы, әртүрлі дидактикалық әдістер ғылыми-теориялық негізде қолданылды.

Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу бойынша жүргізілген жұмыс нәтижесін сандық және сапалық жағынан бағалауда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру арқылы тәрбиелеудің компоненттері, өлшемдер мен деңгейлері анықталды (2 кесте).

Кесте 2 – Оқушылардың мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеудің компоненттері мен деңгейлерін анықтау кестесі

бөлімдері	Критерийлері	Деңгейі		
		Жоғары	Орта	Төмен
Қызығушылығын ояту	Оқушының мінез-құлық-ның мәдениетін қалыптастыру әдістеріне қызығушылығы. Өз бетінше саналы әрекет жасауға ұмтылыс жасауы. Әлемдік мәдениетке қызығушылығы мен қарым-қатынас жасаудағы сөз мәдениетін сақтауға әрекет етуі.	Бастауыш сынып оқушылары мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын жақсы түсініп, әдепті, сыпайы, тәртіпті, саналы, іс-әрекеті жоғары болып табылады. Қоршаған ортада және сыныптан тыс шараларда қарым-қатынастардағы кішіпейілділік, мейірімділік пен ізеттілік, адамгершілік сияқты құнды қасиеттері. Досы мен ұжымға, адамдарға және, Отанына деген	Оқушының мінез-құлық-ның мәдениеттілігі ережелер мен талаптарға сәйкес, оның маңыздылығын мойындамайды. Оқушы тек жақсы оқиды да, әдепті болуға тырысу қабілеті жоқ, ойлаған ойын іс жүзіне асыруға тырысуы. Сыныптан тыс жұмыстарға қатысады, мінез-құлық мәдениеттінің талаптарын түсінеді, бірақ өз бетінше әрекет жасай алмайды.	Бастауыш буын оқушылары сыныптан тыс ұйымдастырылған іс-шараларға қатыспайды, себебі бұл жұмыстың маңыздылығын түсіне алмайды. Әдепті сөйлеуге, саналы іс-әрекет жасауға өз тарапынан іс-әрекет жасамайды. Қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау барысында дәрежі сөйлейлеп, жасы үлкенге құрмет көрсетіп, кішіні сыйлау дегенді бі-
Танымдық	Жеке тұлғаның мәдениеттілік қасиетін танып білуі. Мінез-құлық мәдениетінің нормаларын, ережелерін, талаптарын білуі керек. Баланың бойындағы рухани құнды қасиеттерінің болуы. Мораль, этика, мәдениеттілік сөздерінің мағынасын білуі керне.			

Процессуалдық	Мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру барысында халық педагогикасын, ұлттық салт-дәстүрлерін пайдалануы. Сол сияқты, отбасы тәрбиесін ескере отырып, рухани құнды қасиеттері туралы іс жүзінде қолдана білуі. Қоршаған ортада боцвндағы мәдени мінез-құлықтың көрсете білуі. Әдептілікті, сұлулықты ұстана білу.	бойында сүйіспеншілік қалыптасқан. Ұлттық салт-дәстүрлері мен сөйлеу мәдениеті белгілерін меңгеру қабілетінің жоғары деңгейде болуы. Мәдениеттілік пен тәртіп, сыпайылық, қарым-қатынас барысындағы әдептілік, саналы әрекеті мен сөйлеу мәдениетінің жоғары деңгейде болуы.	Осы жерде мінез-құлығының мәдениеттілік қасиетінің қалыптастыру барысында өз бетінше әрекет етуі, соның ішінде танымдық, мотивациялық іскерлік бағыты бойынша қызығушылығын іс жүзіне жүзеге асыруы орта деңгейде болуы.	ле бермейді, себебі сыйлау мен құрметтеу ұғымын түсіне бермейді. Қоғамдық сыныптан тыс сабақтарда тәртіп сақтау керек екенін білмейді, ойына келгенін істейді, еліктеушілік қабілеті басты орыналады. Құрбы-достары мен тәрбиешілердің, ата-аналардың көмегінсіз әрекет ете алмайтынына келіседі.
---------------	--	--	--	---

Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу бойынша сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыру мәселесі бойынша оқушылардың мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру анықталады. Осы мәселені басшылыққа ала отырып, ұсынылған жүйелік сипаттың негізінде педагогикалық практикада зерттелетін сапаның сенімділігі нақтыланды. Оқушының мінез-құлық мәдениетін қай сыныпта қалыптастыруға болады деген сұраққа бастауыш мектепте 57%, орта мектепте 18%, жоғары мектепте 25% жауап береді. Баланың мінез-құлығының қалыптасуына әсер ететін факторларға қоршаған орта 49%, отбасы 37%, ата-ана 14% әсер етеді деп жауап алды. Мектеп ұйымы оқушылардың мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда қажет пе деген сұраққа 77% қажет деп жауап берді, 23% қажет емес. Мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс ұйымдастырушылық жұмыс маңызды ма? Сынып жетекшілерінің 47%, ата-аналардың 25% және бұл жұмыстың маңыздылығын түсінбегендер 28% нақты жауап бере алмады. 59% сіздің балаңыз өз кемшіліктерін өз бетінше шеше ала ма және оқушылардың өз бетінше қалай әрекет ететініне әсер ету арқылы мінез-құлық мәдениетін қалыптастыра ала ма деген сұраққа жауап берді. Оқушының мінезінің өзгеруіне не әсер етеді деген сұраққа 43% теледидар, газет, журналдар 18%, достар 39% деп жауап берді. Оқушылардың мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда ұлттық дәстүрлерді, ұлттық ойындарды қолданудың тиімділігіне 43%, 37% тиімсіз, 20% жауап бере алмады. Баланың мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру кезінде дәстүрлі әдісті немесе инновациялық тәрбие технологиясын қолдану керек пе деген сұраққа біз 36% дәстүрлі әдісті, 43% инновациялық технологияны, 21% екі әдісті қолдануы керек деген жауап алдық. Мектеп ұжымы бастауыш мектепте оқушының мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығы мен нәтижелілігін көрсетті. Сонымен бірге бастауыш сынып оқушылары: «Менің мінезім қандай», «Маған сыпайы болу керек», «Мәдениет дегеніміз не?» тақырып бойынша эссе алынды. Бұл жұмыста біз оқушылардың мінез-құлық мәдениеті мен мінез-құлық қалай түсінетіні, не істеу керектігі, әрекеттеріндегі кемшіліктер және неге еліктеу керектігі туралы егжей-тегжейлі білдік. Осындай сауалнамалар, сұрақтар, әңгімелер, эсселер арқылы оқушылардың мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру кезінде мектеп пен ата-аналардың сабақтан тыс жұмыстарға деген жауапкершілігі төмен, тәрбие жұмысын ұйымдастыру қанағаттанарлық екенін байқадық. Біз сондай-ақ ата-аналарға Мектептегі сыныптан тыс жұмыстарға ата-аналардың қатысуымен байланысты мәселелерді шешуге, әдістемелерді тиімді пайдаланудың және оқушылардың мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда адамгершілік қатынастарды құрудың маңыздылығын түсінуде және т. б. көмек қажет екенін байқадық.

**Талқылау.** Неліктен нәтижеге жете алмаймыз? Сыныптан тыс уақытта мұғалім ұйымдастырған тәрбие жұмысы үнемі дамып, мазмұны өзгеріп, ұйымдастырушылық процестер мен әдістер жетілдіріліп отырады. Білім беру қызметінің мақсаттары мен міндеттері ортақ болғанымен, оларға қол жеткізу жолдары бірыңғай және тұрақты бола алмайды. Әлеуметтік және мектептегі даму үрдісіндегі жаңа міндеттер мұғалімнің жұмысын күрделендіріп отыр. Шамадан тыс қойылып отырған жұмыстар мұғалімнің сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыруға тосқауыл қойып, оқушымен қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктерді азайтып отыр. Ақпараттық құралдардың көптігі бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетіне ықпал жасауда. Оқушылар мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда ұжымдық шығармашылық жұмыстарына ата-аналар тартылып, жауапкершілік іс-әрекеттер жүктелсе жұмыстың нәтижелі болатыны анық.

Оқушылардың өзін-өзі жетілдіру және оның жеке қасиеттерінің кемшіліктерін жою мақсатындағы іс-әрекеті өзін-өзі тәрбиелеу болып табылады. Өзін-өзі тәрбиелеу оқушыны жан-жақты тәрбиелеу мен дамытуға ықпал етеді. «Жеке өзін-өзі тәрбиелеу» тақырыбындағы тәрбие жұмысында бала өзін объект ретінде қарастырып қана қоймай, сонымен қатар субъект ретінде де дамытуға тырысады.

Балаларға логикалық байланыстар, ойлар мен тұжырымдар туралы терең түсінік беру - әр мұғалімнің игілігі. «Мен кімін?», «Менің сәтсіздігім неде?», «Неге мен лайық емеспін?» және осы сияқты өзін-өзі тәрбиелеудің негізгі құралы сұрақтардың көмегімен енгізілуі керек. Өзін-өзі тәрбиелеу қоғамның пайдалы және лайықты мүшесі болу ниетінен туындауы керек. Өзіңізді тәрбиелеу үшін өзіңізді сынап, қателіктеріңізді мойындауға батылы қадам жасау керек. Өзін-өзі тәрбиелеу мінез-құлықтың кемшіліктерін жоймай және жақсы қасиеттерді қалыптастыру мүмкін емес.

Жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі үшін оқушыларды өздерін қолға үйрету керек. Өзін-өзі тәрбиелеуге кірісе отырып, студент ең алдымен өзін-өзі жүзеге асырудың жалпы мақсатын түсінуі керек.

Осыған байланысты жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу әдістеріне:

- өзін-өзі сендіру;
- өзін-өзі иландыру;
- өзін-өзі бақылау;
- өзін-өзі талдауды жатқызамыз.

Біздің зерттеулерімізде оқушы бойында санасы мен мінез-құлқының байланысы әр түрлі деңгейде анықталған: кейде мінез-құлықтан хабардарлық деңгейі басым болады, кейде керісінше мінез-құлық басым болады, ал кейде бұл екі нәрсе бір-бірімен байланысты. Бастауыш сынып оқушылары өздерін қалай ұстау керектігін жиі тыңдайды және көбінесе сол нормаларға сәйкес жұмыс істей бастайды. Сондықтан балалардың жұмысын, олардың қарым-қатынасын олар білетін білімге, нормаларға сәйкес әрекет ететіндей етіп ұйымдастырған оң нәтижесін береді.

**Қорытынды.** Бастауыш буын оқушыларының мәдени мінез-құлқын қалыптастыру үшін балалардың жас ерекшеліктері мен қабілеттері мен мүдделеріне байланысты арнайы бағдарлама бойынша сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру қажет. Бұл балаға дұрыс мінез-құлық пен тәртіпті үйретеді. Оқушының дұрыс құрылған оқу жұмысы мен еңбегі, ұйымдастырылған сабақтан тыс қызметі оның қоғамдық өміріне қатысты орасан зор нәтижелер береді. Өз міндетін орындай отырып, оқушы көптеген ерік-жігерлік, интеллектуалдық және эмоциялық қасиеттерді көрсетуі тиіс. Бұл мінезді тәрбиелеудегі тамаша мектеп болады. Белгілі бір қызметті (оқу жұмысын, дене еңбегін және т.б.) орындау үшін қажетті сипаттағы жеке сипаттар ең алдымен сабақтан тыс уақыттағы қызмет барысында қалыптастырылады. Бұл істе мұғалім тарапынан қажетті талаптар мен оқушыларды бақылау үлкен рөл атқарады. Мінез-құлық мәдениеті адамның ішкі мәдениетімен, эстетикалық талаптармен, жалпы бағыттар мен дәстүрлермен тығыз байланысты. Ішкі мәдениет көбінесе адамның сыртқы тәртібін анықтайды, алайда сыртқы мінез-құлық ішкі мәдениетке де әсер етеді және адамның іштей жиналуына әкеледі. Адам келбетіндегі немқұрайлылық, дөрекілік, адам баласын сыйламау, ұятсыздық біртіндеп оның жеке басындағы тиісті теріс қасиеттерге ие болады. Сондықтан балаларды мінез-құлық мәдениеті туралы біліммен, оларды ерте күннен бастап орындау дағдыларымен қаруландырады.

Бастауыш сынып оқушылары бойында жүріп-тұрудың мәдениетін тәрбиелеу бағытындағы мәдени философиялық, этнографиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау барысында сыныптан тыс ұйымдастырылған шаралардың педагогикалық маңыздылығын арттырудың кейбір мүмкіндіктерін анықтау арқылы, төмендегідей ұсыныстарды тұжырымдадық:

- оқушылардың мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуге бағытталған сабақтан тыс іс-шаралар жүйелі, өзара байланысты, әртүрлі нысандарда ұйымдастырылатын тәрбие іс-шараларының жүйесін қарастыру;
- сабақтан тыс іс-әрекет мазмұнының оқушылардың адамгершілік санасымен мәдени мінез-құлық әдеттерімен бірлігін қамтамасыз ету;
- сыныптан тыс жұмыста балаларды тиімді адамгершілік қатынастарға тартатын мәдени мінез-құлық әдеттерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін жаттығулар жүйесін қолдану
- балалардың мінез-құлық мәдениетін игерудегі субъективті позицияны күшейту;
- сыныптан тыс жұмыстар бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық санасын қалыптастыру ерекшеліктеріне сәйкес келуі, оның ішкі және сыртқы ынталандыруын дамытуы, бүкіл аралықты (циклды) қамтуы керек.

Ұсынылған тұжырымдамалар бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу бойынша сыныптан тыс ұйымдастырылған жұмыстың мазмұны мен әдістемесін әзірлеуге негіз бола алады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **ҚР Білім заңы. 27 шілде 2007 ж №319** [Электрондық ресурс]: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (өтініш берілген күні 27.05. 2023 г.).

2. **Богданова, О.С., Петрова В.И. Бастауыш сыныптағы тәрбие жұмысының әдістемесі:** [Мәтін]: мұғалімдерге арналған оқу құралы. 2-бас., қайта қаралған / О.С. Богданова, В.И. Петрова. – М.: Просвещение. – 1980. – 208 с.
3. **Горбунов Н. П. Мектеп оқушыларының оқу іс-әрекетіне бейімделу процесіндегі функционалдық жағдайы** [Мәтін] / Н.П. Горбунов // Педагогика. 2003 N 8. С. 9-13.
4. **Рахматуллаев Д. Н.** Сабақ барысында оқушыларды саналы тәртіпке тәрбиелеу [Мәтін] / Д.Н. Рахматуллаев // Актуальные исследования. – 2023. – №19 (149). – Ч.II. С. 74-76.
5. **Kasimov R.A. Subjective position as a component of education of a healthy personality** [Text] / R.A. Kasimov // Perspectives of Science & Education. – 2020. – Vol. 47, No. 5. – P. 59-74.

## REFERENCES:

1. KR Bilim zanu [Law of the Republic of Kazakhstan “On Education”]. 27 July 2007, no. 319, available at: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_) (accessed 19 December 2023). (In Kazakh).
2. Bogdanova O.S., Petrova V.I. Metodika vospitatel'noj raboty v nachal'ny'h klassah [Educational methodology in primary school]. 2nd ed. Moscow, Prosveshhenie, 1980, 208 p. (In Russian).
3. Gorbunov N.P. Funkcional'noe sostoyanie shkol'nikov v processe adaptacii k uchebnoj deyatel'nosti [Functional state of schoolchildren in the course of adaptation to learning activity]. *Pedagogika*, 2003, no.8, pp. 9-13. (In Russian).
4. Rahmatullaev D.N. Vospitanie soznatel'noj discipliny' uchashhihsya v processe uroka [Teaching students willing discipline in the classroom.]. *Aktual'nye issledovaniya*, 2023, no.19 (149), part II, pp. 74-76. (In Russian).
5. Kasimov R.A. Subjective position as a component of education of a healthy personality. *Perspectives of Science & Education*, 2020, vol. 47, no. 5, pp. 59-74.

## Автор туралы мәлімет:

*Куанышбаева Зауре Бекеновна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, 160000, Шымкент қ. А.Байтұрсынов көшесі 13, телефон номері 87011372787, e-mail: Kzb-69@mail.ru.*

*Куанышбаева Зауре Бекеновна – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры методика начального обучения Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, Республика Казахстан 160000 г.Шымкент, ул.А.Байтұрсынова 13, телефон 87011372787, e-mail: Kzb-69@mail.ru.*

*Kuanyshbayeva Zaure Bekenovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of methods of primary education, South Kazakhstan State Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160000 Shymkent, 13 A.Baitursynov Str., tel.: 87011372787, e-mail: Kzb-69@mail.ru.*

МРНТИ 16.31.51

УДК 378.6

[https://doi.org/10.52269/22266070\\_2023\\_4\\_179](https://doi.org/10.52269/22266070_2023_4_179)

## EFFECTIVE STRATEGIES FOR ENHANCING ORAL PROFICIENCY IN ENGLISH LANGUAGE EDUCATION THROUGH INNOVATIVE APPROACHES AND INTERACTIVE MATERIALS

*Kudritskaya M.I.\* – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Foreign Languages, affiliation: Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, U.Sultangazin Pedagogical Institute, Republic of Kazakhstan.*

*In our increasingly interconnected world, proficiency in English has become a vital skill for individuals seeking to engage in global communication, education, and business. One of the critical aspects of language proficiency is the ability to express oneself effectively through spoken communication. In the context of English language education, enhancing oral proficiency is a central goal. This essay explores the effective strategies for achieving this objective through innovative approaches and interactive materials. The main methods used in this research include scientific analysis and synthesis, description, discussion, and lesson modeling. The research results encompass the enhancement of the professional competence of future English language teachers and practical experience in the use of innovative approaches and interactive materials in English language teaching, leading to the improvement of the educational process in pre-service*

training. Conclusions drawn from the research demonstrate how the application of research materials contributed to the development of the professional expertise of future English language teachers. The research materials are original and were obtained during the professional training of future English language teachers in September-December 2022.

**Key words:** language proficiency; spoken communication; innovative approaches; interactive materials; enhancement of the professional competence.

### ЭФФЕКТИВНЫЕ СТРАТЕГИИ ПОВЫШЕНИЯ УРОВНЯ ВЛАДЕНИЯ АНГЛИЙСКИМ ЯЗЫКОМ С ПОМОЩЬЮ ИННОВАЦИОННЫХ ПОДХОДОВ И ИНТЕРАКТИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ

Кудрицкая М.И.\* – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры иностранных языков, Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтұрсынұлы, Педагогический институт им. Өмірзақ Сұлтанғазина, Республика Казахстан.

В нашем все более взаимосвязанном мире владение английским языком стало жизненно важным навыком для людей, стремящихся заниматься как глобальными коммуникациями, так и образованием или бизнесом. Общеизвестно, что одним из важнейших аспектов владения языком является способность эффективно выражать себя посредством разговорного общения. В контексте обучения английскому языку, в частности, одной из центральных целей является повышение уровня владения устным языком. В данной статье рассматриваются эффективные стратегии достижения этой цели с помощью инновационных подходов и интерактивных материалов. Основные методы, используемые в этом исследовании, включают научный анализ и синтез, описание, обсуждение и моделирование уроков. Результаты исследования включают в себя повышение профессиональной компетентности будущих учителей английского языка и практический опыт использования инновационных подходов и интерактивных материалов в преподавании английского языка, что ведет к совершенствованию учебного процесса. Материалы исследования оригинальны и были получены в ходе профессиональной подготовки будущих учителей английского языка в сентябре-декабре 2022 года. Выводы исследования показывают, как применение его материалов способствовало развитию профессионального опыта будущих учителей английского языка.

**Ключевые слова:** владение языком; разговорное общение; инновационные подходы; интерактивные материалы; повышение профессиональной компетентности.

### ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР МЕН ИНТЕРАКТИВТІ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕНҒЕРУ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Кудрицкая М.И.\* – педагогика ғылымдарының кандидаты, шет тілдері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы өңірлік университеті, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институт, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Біздің барған сайын өзара байланысты әлемде ағылшын тілін меңгеру жаһандық коммуникациялармен де, білім мен бизнеспен де айналысуға ұмтылған адамдар үшін өмірлік маңызды дағдыға айналды. Тілді меңгерудің маңызды аспектілерінің бірі сөйлесу арқылы өзін тиімді білдіру қабілеті болып табылатыны жалпыға белгілі. Ағылшын тілін оқыту контекстінде, атап айтқанда, ауызша тілді меңгеру деңгейін арттыру орталық мақсаттардың бірі болып табылады. Бұл бапта инновациялық тәсілдер мен интерактивті материалдардың көмегімен осы мақсатқа қол жеткізудің тиімді стратегиялары қарастырылады. Бұл зерттеуде қолданылатын негізгі әдістерге ғылыми талдау мен синтез, сабақтарды сипаттау, талқылау және модельдеу кіреді. Зерттеу нәтижелері болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруды және ағылшын тілін оқытуда инновациялық тәсілдер мен интерактивті материалдарды пайдаланудың практикалық тәжірибесін қамтиды, бұл оқу процесін жетілдіруге әкеледі. Зерттеу материалдары бірегей және 2022 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығы барысында алынды. Зерттеу қорытындылары оның материалдарын қолдану болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби тәжірибесінің дамуына қалай ықпал еткенін көрсетеді.

**Түйінді сөздер:** тілді меңгеру; сөйлесу қарым-қатынасы; инновациялық тәсілдер; интерактивті материалдар; кәсіби құзыреттілікті арттыру.

#### Introduction

Oral proficiency in English is crucial for a variety of reasons. It serves as a gateway to effective communication in both academic and real-world settings. Moreover, oral proficiency [1] is a strong indicator of overall language competence, as it requires a deep understanding of vocabulary, grammar, pronunciation, and cultural context [2]. This skill is essential for students, professionals, and anyone wishing to connect with

the global community.[3], [4], The present article provides a description of the real educational process that was a part of professional training of future English teachers in Foreign Languages Department of Pedagogical Institute after Umyrzak Sultangazin at Akhmet Baitursynuly Regional University, during the first semester of 2022-2023 academic year. Teacher training is a cutting-edge part of education in any country and requires constant development and update, especially in student-centered setting [5]. It certainly often leads to transdisciplinary research [6] and is of primary importance in the era of technological advances, when distance, or online education takes its place in the educational world. [7], [8]. The strategies described below were chosen and subsequently applied to such subjects in the educational program 6B01705 “Foreign Language: Two Foreign Languages”, as Practical Grammar and Phonetics of the English Language and English Teaching Methodology in the first and third years of training respectively.

However, before delving into these effective strategies, it is important to recognize the challenges that educators and learners face in enhancing oral proficiency in English.[9] These challenges include:

- **Limited Access to Native Speakers for Practice:** Many learners face a scarcity of opportunities to engage with native English speakers, thus restricting their exposure to genuine language usage.
- **Apprehension About Speaking:** Learners frequently grapple with anxiety and apprehension when it comes to conversing in a foreign language, which acts as a barrier to their spoken communication.
- **Restricted Vocabulary and Cultural Insight:** An insufficient command of vocabulary and cultural subtleties can act as a hindrance to effective communication.
- **Inadequate Training for Educators:** Some teachers may lack the training and resources necessary to proficiently instruct oral skills.
- **Overreliance on Traditional Teaching Approaches:** Conventional teaching methods that prioritize rote memorization and written exercises often fall short in addressing oral proficiency.

To address these challenges and enhance oral proficiency in English, educators can adopt inventive approaches. “Combining these teaching and learning approaches will ensure that students receive dynamic support, hands-on activities, practical assessments, active collaboration, and inquiry-based learning.” [10] These approaches focus on creating engaging and immersive learning environments that foster active participation and practice. In Kazakhstan, this is what educators are constantly busy with “the analysis of curricula on language for professional specific purposes in the conditions of multilingual education.” [11, p.136] In the present research, we address a few innovative approaches, such as: incorporating technology, [12, p.496] gamification, authentic contexts,[13], [14] collaborative learning, [15, p.38] and multimedia resources.[16, p.756] Incorporating multimedia resources such as videos, podcasts, and audio recordings exposes learners to diverse accents and speaking styles. This helps learners develop better listening comprehension and pronunciation skills.[17]

#### **Description of the approbation procedure**

Prior to the practical application of the research part, we conducted a needs analysis survey asking students to identify their difficulties in obtaining the native-like fluency in oral communication. The survey was conducted in an informal setting with the participants initiating their own questions to each other. The results of the videoed survey were summarized and are presented below:

- *Lack of Opportunities for Authentic Practice:* Most English learners in Kazakhstan do not have access to native English speakers for genuine communication, which leads both to limiting their exposure to authentic language use and lack of self-confidence while communicating in English.

Молдабекова Сандугаш Кайрхановна\* – доктор PhD, ассистент профессор кафедры педагогики и психологии, Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, Казахстан 020000, г. Кокшетау, ул. Абая, 76, тел. 87754502679, e-mail: Smoldabekova@shokan.edu.kz.

Шалгимбеков Айбек Батырханович – кандидат исторических наук, и. о. ассоциированного профессора кафедры истории Казахстана, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан 111715, Костанайская область, г. Тобыл, ул. Дорожная, 57, тел. 87058755480, e-mail: salykovaks@mail.ru.

Черненко Юлия Викторовна – магистр педагогики, старший преподаватель кафедры социально-педагогических дисциплин, Кокшетауский университет имени А. Мырзахметова, Казахстан 020000, г. Кокшетау, ул. М. Ауэзова, 189а, тел. 87054119890, e-mail: yulchikxx@mail.ru.

Нүркен Назира Маратовна – магистр педагогических наук, ассистент лектора кафедры педагогики и психологии, Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, Казахстан 020000, г. Кокшетау, ул. Абая, 76, тел. 87022713645, e-mail: nazira\_nurken@mail.ru.

Moldabekova Sandugash Kairkhanovna\* – PhD, Assistant Professor of the Department of pedagogy and psychology, Sh.Ualikhanov Kokshetau University, Republic of Kazakhstan, 020000 Kokshetau, 76 Abay Str., tel.: 87754502679, e-mail: Smoldabekova@shokan.edu.kz.

Shalgimbekov Aibek Batyrkhanovich – Candidate of Historical Sciences, acting Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, Kostanay region, 111715 Tobyl, 57 Dorozhnaya str., tel.: 87058755480, e-mail: salykovaks@mail.ru.

Chernenko Yuliya Viktorovna – Master of Pedagogy, Senior Lecturer of the Department of socio-pedagogical disciplines, Abay Myrzakhmetov Kokshetau University, Republic of Kazakhstan, 020000 Kokshetau, 189a M. Auezov Str., tel.: 87054119890, e-mail: yulchikxx@mail.ru.

Nurken Nazira Maratovna – Master of Pedagogical Sciences, Assistant Lecturer of the Department of pedagogy and psychology, Sh.Ualikhanov Kokshetau University, Republic of Kazakhstan, 020000 Kokshetau, 76 Abay Str., tel.: 87022713645, e-mail: nazira\_nurken@mail.ru.

Молдабекова Сандуғаш Қайрханқызы\* – PhD докторы, педагогика және психология кафедрасы профессорының ассистенті, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Қазақстан Республикасы, 020000, Көкшетау қ., Абай көшесі, 76, тел. 87754502679, e-mail: Smoldabekova@shokan.edu.kz.

Шалғимбеков Айбек Батырханұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессорының м. а., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 111715, Қостанай облысы, Тобыл қаласы, Дорожная көшесі, 57, тел. 87058755480, e-mail: salykovaks@mail.ru

Черненко Юлия Викторовна – педагогика магистрі, әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Қазақстан Республикасы, 020000, Көкшетау қ., М. Әуезов көшесі, 189а, тел. 87054119890, e-mail: yulchikxx@mail.ru.

Нүркен Назира Маратқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, Педагогика және психология кафедрасының лектор ассистенті, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Қазақстан Республикасы, 020000, Көкшетау қ., Абай көшесі, 76, тел. 87022713645, e-mail: nazira\_nurken@mail.ru.

ӘОЖ 37.032..378

FTAMP: 14.35.05

[https://doi.org/10.52269/22266070\\_2023\\_4\\_194](https://doi.org/10.52269/22266070_2023_4_194)

### КҮРДЕЛІ ҚОҒАМДА БІЛІМ АЛУ ҮШІН БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТИСІН ДАМУЫ

Мурзалинова А.Ж.\* – педагогика ғылымының докторы, «Педагогика және психология» кафедрасының профессоры, «М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ, Петропавл қ., Қазақстан Республикасы.

Оракова А.Ш. – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Педагогика және психология» кафедрасының доценті, Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Омарова М.Т. – педагогика ғылымының магистрі, Мағжан Жұмабаев атындағы Жоғарғы колледж оқытушысы, Петропавл қ., Қазақстан Республикасы.

Айтымова А.Н. – педагогика ғылымының магистрі, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, «М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ, Петропавл қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіндегі өткізген зерттеу материалдары ұсынылған.

Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдіснамасының шолу, әлемдік тәжірибені талдау және бенчмаркинг, педагогикалық бақылау, сауалнама және эксперимент, бақылау және өлшеу сияқты әдістерін ұстану бірқатар нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

1) кәсіби-педагогикалық қалыптасу ерекшеліктерін ескеретін, білім алушылардың эмоционалды интеллект параметрлеріне сәйкес және конструктивті дамытуға ұсынылған бағдарламаның белгіленген ықпалымен;

2) білім алушылардың психологиялық әл-ауқаты мен академиялық жетістіктері үшін эмоционалды интеллект ресурстарын нақтылаумен;

3) кәсіби қарым-қатынас ортасында эмоционалды өзін-өзі реттеудің ең тиімді стратегияларын анықтаумен байланысты.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы жоғары оқу орыны білім алушылары мен болашақ мектеп психологының эмоционалды интеллект профилінің әлеуметтік-педагогикалық ынтымақтастықтың академиялық ортасы мен мектеп қоғамдастығының ортасында көріну ерекшеліктерін нақтылаумен анықталады.

Зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды тұжырымдалды: Эмоционалды интеллект параметрлерін дамыту педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға конструктивті түрде сәйкес келеді, сонымен бірге өзін-өзі басқаратын білім алушының педагогикалық ойлауы мен жеке және кәсіби қасиеттерін арттыру үшін эмоционалды реттеу стратегияларын саналы және дәйекті қолдануды қамтиды.

**Түйінді сөздер:** күрделі қоғам үшін білім беру, педагогтің кәсіби құзыреттіліктері, педагог-психологтарды кәсіби даярлау, эмоционалды интеллект, эмоционалды интеллектісінің профилі, өзін-өзі реттеу, эмоционалды оқыту.

### РАЗВИТИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ ДЛЯ ОБРАЗОВАНИЯ В СЛОЖНОМ ОБЩЕСТВЕ

Мурзалинова А.Ж.\* – доктор педагогических наук, профессор кафедры «Педагогика и психология», НАО «СКУ им. М. Козыбаева», г. Петропавловск, Республика Казахстан.

Оракова А.Ш. – кандидат педагогических наук, доцент кафедры «Педагогика и психология», Казахский Национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Омарова М.Т. – магистр педагогики, преподаватель, Высший колледж имени М.Жумабаева, г. Петропавловск, Республика Казахстан.

Айтымова А.Н. – магистр педагогики, старший преподаватель кафедры «Педагогика и психология», НАО «СКУ им. М. Козыбаева», г. Петропавловск, Республика Казахстан.

В статье представлены материалы исследования в СКУ им. М. Козыбаева. Цель исследования – развитие эмоционального интеллекта будущих педагогов-психологов. Задачи исследования связаны с созданием организационно-педагогических условий развития эмоционального интеллекта обучающихся и определением их влияния на профессиональное становление.

Следование методологии научно-педагогического исследования, таким ее методам, как обзор, анализ мировой практики и бенчмаркинг, педагогическое наблюдение, анкетирование и эксперимент, контроль и измерение, позволили получить ряд результатов:

1) установленным влиянием предлагаемой программы на согласованное и конструктивное развитие у обучающихся параметров эмоционального интеллекта, учитывающее особенности профессионально-педагогического становления;

2) уточнением ресурсов эмоционального интеллекта для академических достижений и психологического благополучия студентов;

3) определением наиболее эффективных стратегий эмоциональной саморегуляции в среде профессионального общения.

Научная новизна исследования определяется уточнением профиля эмоционального интеллекта студента вуза и будущего школьного психолога, особенностей проявления профиля в академической среде социально-педагогической коллаборации, а также в среде школьного сообщества.

По результатам исследования сформулирован вывод: Развитие параметров эмоционального интеллекта конструктивно согласовано с формированием профессиональной компетентности педагога и предполагает осознанное и последовательное применение самоуправляемым обучающимся стратегий эмоционального регулирования для педагогического мышления и наращивания личностно-профессиональных качеств.

**Ключевые слова:** образование для сложного общества, профессиональная компетентность педагога, профессиональная подготовка педагога-психолога, эмоциональный интеллект, профиль эмоционального интеллекта, саморегуляция, эмоциональное обучение.

**DEVELOPMENT OF EMOTIONAL INTELLIGENCE OF THE FUTURE EDUCATIONAL PSYCHOLOGIST FOR EDUCATION IN A COMPLEX SOCIETY**

*Murzalinova A.Zh.\* – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of pedagogy and psychology, M.Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan.*

*Orakova A.Sh. – Candidate of Pedagogical Sciences, Abay Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty, Republic of Kazakhstan.*

*Omarova M.T. – Master of Pedagogy, Lecturer of the Magzhan Zhumabayev Higher College Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan.*

*Aitymova A.N. – Master of Pedagogy, Senior Lecturer of the Department of pedagogy and psychology, M.Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan.*

*The article presents materials of research conducted at the M. Kozybayev North Kazakhstan University. The research objective is to foster the emotional intelligence of prospective educational psychologists. The study tasks involve establishing organizational and pedagogical conditions for students' emotional intelligence development and assessing their influence on professional growth. Using the methodology of scientific and pedagogical research, such methods as review, analysis of world practice and benchmarking, pedagogical observation, questionnaire survey and experiment, control, and measurement, enabled to obtain a number of results:*

*1) The established impact of the proposed program on the coordinated and constructive development of emotional intelligence parameters in students, taking into account the peculiarities of their professional and pedagogical becoming.*

*2) The clarification of emotional intelligence resources required for academic achievements and psychological well-being of students.*

*3) The identification of the most effective strategies for emotional self-regulation in the professional communication environment.*

*The scientific novelty of the research is defined by specifying the profile of emotional intelligence in university students and future school psychologists, the manifestations of this profile in the academic environment of social and pedagogical collaboration, as well as in the school community.*

*Based on the research findings, we came to believe that the development of emotional intelligence parameters is constructively aligned with the formation of a teacher's professional competence. It implies the well-informed and systematic application of self-regulation strategies for emotional regulation by self-directed learners to enhance pedagogical thinking and build personal and professional qualities.*

**Key words:** *education for a complex society, teacher's professional competence, professional training of the educational psychologist, emotional intelligence, emotional intelligence profile, self-regulation, emotional learning.*

**Кіріспе.**

Әр түрлі тапсырыс берушілер: адам, отбасы, ресми және бейресми қауымдастықтар, жұмыс берушілер, мемлекет – білім беруге түрлі талаптар қояды.

Түрлі талаптардың қатарына күрделі қоғамның қарым-қатынас саласында оның үлкен байланыс желісімен өзара әрекеттесуге және көптеген субъектілермен серіктестік қатынастарға түсуге мүмкіндік беретін жалпы – эмоционалды интеллект жатады.

**Эмоционалды интеллект/emotional intelligence** (бұдан әрі – ЭИ) – когнитивті қасиеттердің тұтастығымен қамтамасыз етілген, интеллектуалды анализ бен синтез арқылы өз эмоцияларын және басқа адамдардың эмоцияларын қабылдау, біріктіру, түсіну, рефлексивті басқару қабілеті.

Болашақтың құзыреттерінің жалпы қабылданған түсінігі ЭИ «машиналар жасай алмайтын» білім мен құзыреттіліктер тобына орналастырады. Бұл, тұрақты даму мүдделеріндегі білім беру үшін ЭИ-нің объективті түрде өсіп келе жатқан өзектілігін білдіреді (education for sustainable development).

Мұндай білім беру дербестеуге, шеттетуге, бөлінуге негізделген қазіргі қоғам мен адамның әлеуметтік табиғаты арасындағы қарама-қайшылықты жеңуді талап етеді. Бұл үшін ұсынылатын көзқарас – «біздің «адамилықпен» байланысты қабілеттерді дамыту: эмоционалды және әлеуметтік интеллект, шығармашылық қабілеттер, бірлескен жұмыс құзыреттері» [1]. Бұл көзқарас тұтас тұлғаны дамытуының эмоционалды, әлеуметтік және интеллектуалды аспектілерін үйлестіруге мүмкіндік береді.

Ұжымдық оқыту білім алушылардың өзін-өзі басқаруын талап етеді. ЭИ өзін-өзі басқаратын (self-managed), өзін-өзі реттейтін (self-regulated) білім алушылардың тиімді ресурстарының біріне айналады [2, 19-б.].

Болашақ қоғам үшін білім беру трендтеріне сәйкес біз *зерттеу гипотезасын* тұжырымдадық: егер болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығында білім алушылардың ЭИ-ін мақсатты және жүйелі түрде дамытса, онда бұл кәсіби құзыреттердің шынайы қалыптасуына көмектеседі, өйткені ол өзін-өзі

басқаратын білім алушылардың ынталандырылған, тұлғалық-бағдарланған және сараланған серіктестік қарым-қатынасы жағдайында өтеді.

*Біздің зерттеуіміздің мақсаты* – 6B01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың ЭИ-сін дамыту (М. Қозыбаев ат. Солтүстік Қазақстан университеті) – аталған тұтас көзқарастың оқыту мазмұнын енгізіп негіздеуге мүмкіндік береді, бұл әсіресе болашақ мектеп педагог-психологтарына қатысты.

Біздің зерттеуіміз келесі қарама-қайшылықтарды шешуге бағытталған:

- ЭИ-сі дамыған педагогтардың сұраныста болуы мен оларды кәсіби даярлауда когнитивтік тәсілдердің басым болуы арасында;

- педагогтің кәсіби құзыреттері құрылымында ЭИ-ні қалыптастыру қажеттілігі мен тиісті ғылыми-әдістемелік негіздердің жеткіліксіз зерттелуі арасында;

- ЖОО-да білім беру үдерісін әдістемелік сүйемелдеу мен психологиялық-педагогикалық акцентуализация ЭИ-не назар аудара отырып, мамандандырылған бағдарламалардың болмауы арасында.

Шолу нәтижелері тақырыптың өзектілігін және зерттеудің маңыздылығын растайды.

Сонымен, ЭИ-нің өзін-өзі басқаратын болашақ педагогті қалыптастыру үшін маңыздылығына байланысты келесі ұстанымы бізге жақын: «ЭИ дамуының жоғары деңгейі бар ЖОО түлегі, ең алдымен, эмоционалды қызметінің толық құрылуымен өзінің болашақ кәсіби іс-әрекетін өздігінен талдауға дайын өзін-өзі жүзеге асыратын тұлға» [3, 6-б.].

Басқа зерттеуде, қазақстандық ғалымдар эксперименттік жұмыстың соңғы кезеңіне өз респонденттерін қатыстырды: Л.Гумилев ат. ЕҰУ-нің 40 білім алушы және Қ. Жұбанов ат. Ақтөбе университетінің 46 білім алушы (барлығы – болашақ әлеуметтік педагогтар) – сұхбат сұрақтарына жауап берді. Оның мақсаты – эмоционалды құзыреттіліктің жоғарылауы оқу процесіне, білім алушылардың тәртібі мен үлгеріміне, сондай-ақ олардың басқалармен қарым-қатынасына әсер еткенін тексеру [4]. Сұхбатқа сәйкес, эмоционалды интеллект бойынша оқыту білім беру үдерісінің сапасын арттырды. Сонымен қатар, білім алушылардың өздерінің және басқа адамдардың эмоционалды реакциялары мен эмоционалды күйлерін жақсы түсінетіндіктерін жеткізді. Олар жасаған басқа бақылауларға басқа адамдармен қарым-қатынасты және сыныптағы тәртіпті жақсарту кіреді, нәтижесінде оқу үлгерімі жақсарды.

Жоғарыда келтірілген позицияны келесі қағида тереңдетеді: «Эмоционалды интеллекттің әртүрлі деңгейлері бар білім алушылардың психологиялық әл-ауқатының профилдері ерекшеліктерге ие. Эмоционалды интеллект деңгейіне ең үлкен сезімталдықты психологиялық әл-ауқаттың компоненттері «басқалармен жағымды қарым-қатынас», «қоршаған ортаны басқару», «өзін-өзі қабылдау» көрсетеді [5, 8-б.]. Бұл диссертациялық зерттеуде, ЭИ-тің білім алушылардың психологиялық әл-ауқатына әсері анықталды, оны біздің ұстанымымыз үшін сындарлы деп санаймыз: «Білім беру үдерісінің субъектілері ретінде білім алушылардың толыққанды тұлғалық қалыптасуы үшін, ЖОО-да кәсіби дайындауда өздерінің ішкі әлеуетін жүзеге асыру маңызды.

Ғылыми қоғамдастықта білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын қалыптастырудағы аффективті компоненттің маңыздылығына баса назар аудара отырып, біз, эмоционалды интеллектіңің жеке тұлғаның эмоционалды саласының дамуын сипаттайтын құбылыс ретінде, білім алушылардың психологиялық әл-ауқатына әсер ететін фактор ретінде қарастырылуы мүмкін деп санаймыз» [5, 12-13-б.].

Сонымен, ЭИ-ні тұтас және кешенді оқыту бағдарламалары негізінде мақсатты түрде оқытуға болады. Antonella D'Amico және Alessandro Geraci оқытушылар және оқушылар арасында эмоционалды хабардарлықты жақсартуға бағытталған, мектептердегі эмоционалды және метаэмоционалды интеллект мәдениетін ілгерілетуге бағытталған «Мектептердегі метаэмоциялар» эксперименталды түрде сыналған бағдарламасын ұсынады. [6]. Келтірілген ғалымдардың тұжырымдары қызығушылық тудырады: «Мектептердегі метаэмоциялар» бағдарламасының жақсы тренерлері болу үшін, мұғалімдер әдісті қолдану үшін қажетті теориялық білімге ие болып қана қоймай, сонымен қатар «қалай болу керектігін» біліп, оқушылардың өз мінез-құлқы арқылы имитациялық оқуын күшейтуі керек. Олар бір жағынан эмоционалды әлеммен байланысын, екінші жағынан эмоцияларды басқару және оларды басып қалмау қабілетін көрсетулері керек. Біздің ойымызша, ЭИ, субъектілері бір-бірін эмоционалды түрде ынталандыратын психологиялық жайлы білім беру ортасында дамиды.

ЭИ күрделі құрылымын ескере отырып, біздің зерттеуіміз үшін әр түрлі дайындық бағыттары бойынша оқитын ЖОО білім алушыларында ЭИ ерекшелігі туралы эксперименттік материалдар маңызды болып табылады [7]. Сонымен, келесі қорытынды жасалды: «Эмоционалды интеллект құрылымындағы айырмашылықтарды талдау әр түрлі бағыттағы білім алушылардың эмоционалды интеллект көрсеткіштері бойынша статистикалық тұрғыдан ерекшеленетінін көрсетті. Дайындықтың медициналық бағыттарында оқитын білім алушылардың тұлғааралық эмоционалды интеллектісінің даму деңгейі жоғары екендігі анықталды, ал оқытудың педагогикалық бағыттарында оқитын білім алушылардың өз эмоцияларын көрсетуге және түсінуге байланысты ішкі эмоционалды интеллектісінің

жоғары дамуы анықталды» [7, 140-б]. Бұл тұжырым біздің зерттеуіміздің өзектілігін растайды. Ол, болашақ педагог-психологтардың эмоцияларды сезіну және ынталандыру қабілетіне, бір әлеуметтік және кәсіби саладағы адамдармен қажетті өзара әрекеттесуге негізделген табысты әлеуметтік-кәсіби бейімделуі үшін ЭИ дамуына байланысты.

Білім берудің цифрлық трансформациясы сияқты, пандемия (COVID-19) жағдайындағы қазақстандық білім берудің сыни тәжірибесі, ЭИ цифрлық білім беру құралдары арқылы дамуына назар аударады. Осыған байланысты біз, электронды курсты жасаушы өзінің мінез-құлқын модельдейтін, оқу процесін басқаратын және осылайша білім алушылардың дамуына көмектесетін цифрлық ортаны қолдану тәжірибесіне қызығушылық танытамыз [8].

Parisa Abdolrezaouг және Nasim Granbari виртуалды оқыту жағдайында оқушылардың үлкен күйзелісі туралы айта отырып, оларды ағымда басқаруға үйретуді ұсынады. Жүргізілген эксперименттің нәтижелері мынаны растайды: ағымның жағдайы – ЭИ деңгейінің ең жоғары нәтижесі; оны өзін-өзі тану, өзін-өзі басқару және әлеуметтік қатынастар дағдылары арқылы эмоцияларды реттеу арқылы басқаруға болады [9].

Әлеуметтік дағдылармен [10], қарым-қатынас түрлері және тұлғааралық қатынастарға қанағаттану дәрежесімен [11], өзіндік білім алумен [12], білім алушылардың ЖОО бейімделуі және олардың академиялық жетістіктерімен [13], білім алушылардың аффективті және когнитивті қатысу деңгейі [14], ЖОО білім алушыларының оқуға мотивациясы [15], білім алушылардың эмоционалды күйзелісімен [16] байланысын түсіндіретін ЭИ зерттеулерінің едәуір санына қарамастан, оның педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға әсері мен болашақ педагог-психологтарда дамуының ғылыми-әдістемелік негіздері жеткілікті зерттелмеген.

Сонымен, зерттеулерге шолу біздің зерттеуіміздің даму траекториясын нақтылауға, оның мазмұнын, тұжырымдамалық ережелері мен нәтижелерін анықтауға мүмкіндік береді.

#### **Зерттеу материалдары және әдістері**

Біздің зерттеуіміз эмоционалды интеллектіні жекелей емес, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрылымында дамуын болжайды.

Болашақ педагог-психологтарды даярлауда педагогикалық бағыттағы факультеттер білім алушылар үшін сыпайылық пен салауатты жұмыс ортасын дамыта отырып, эмоционалды қиындықтарымен күресу үшін жеке дағдылардың толық жиынтығын ұсынуы керек. Бұл зерттеу жұмысында болашақ педагог-психологтарды даярлау оқу бағдарламасына ЭИ компоненттерін интеграциялаған оқытушылардың тәжірибесі қарастырылды.

Педагогтің кәсіби құзыреттілік құрылымында ЭИ-ні қарастыру бізге келесі мүмкіндіктерді береді:

- ЭИ-нің басқа педагогикалық құзыреттіліктермен өзара іс-қимылының ерекшеліктері кем дегенде 2 аспектіде белгіленуі керек:

а) ЭИ ЖОО-ның білім беру ортасында эмпатия, толеранттылық, коммуникабельділік, руханилық және басқа да қасиеттердің көріністерін ынталандырған кездегі кәсіптік даярлықтың әлеуметтік-гуманитарлық сипаты;

б) ЭИ академиялық және кәсіби жетістіктерге қолдау көрсету кезіндегі ЖОО-да оқыту қызметінің сапасы және болашақ педагогикалық қызмет ретінде;

- тұтас білім беру тәжірибесі және тұлғаның дамуына жаһандық көзқарас шеңберінде болашақ педагог тұлғасының зерттелетін сапасын дамытуда психологиялық және педагогикалық тәсілдерді интеграциялау;

- ЭИ негізінде кәсіптік даярлық сапасын арттырудың бағыттарын, шарттарын және құралдарын айқындау.

Біздің зерттеуіміз 6B01101 «Педагогика және психология» дайындық бағытының 3-4 курс білім алушыларына бағытталған. Солардың ішінен респонденттерді сапалық-сандық талдауының жалпыланған деректерін келтіреміз (01.09.2022 ж. бойынша): – Жынысы: ер-4; әйел -22 (зерттеушілер Antonella D’Amico, Alessandro Geraci анықтауы бойынша: өздерінің эмоционалды қабілеттерін қыздар төмен бағалайды, ал ұлдар асыра бағалайды [6]. - Жас: 21- 1; 22-11; 23 – 8; 24 -3; 27-1; 29-2 білім алушылар; - Тұрғылықты жері: қала-7; ауыл-19 білім алушылар; - GPA: 3,5 – 8; 3,6 – 5; 3,7 – 7; 3,8 -6 білім алушылар. - Отбасы құрамы бойынша (отбасындағы балалар саны): жалғыз бала-1; отбасында 3 балаға дейін тәрбиеленеді – 16; отбасында 3 баладан жоғары тәрбиеленеді-9.

Сапалық және сандық талдау кезінде біз респонденттердің GPA-мен таныстық, өйткені соңғы онжылдықтардағы зерттеулер оқу үдерісінің тиімділігінің негізгі критерийі ретінде қарастырылатын білім алушылардың ЭИ және GPA негізгі сипаттамаларының өзара байланысын көрсетті.

Сонымен, ЖОО мен мектепте оқыту білім алушының құндылығындағы құзыреттілікті «ілгерілетуі» керек. Осыған байланысты біз жоғары білім беруді дамытуда жоғары әлеуметтік жауапкершілігі бар тұлғаны қалыптастыру үшін интегралды академиялық, зерттеушілік және әлеуметтік GPA мойындау сияқты басымдықты қолдаймыз. Эксперимент режимінде ЖОО білім алушыларының интегралды, әлеуметтік GPA енгізу жөнінде Ереже бекітілді [17].

Эмоционалды интеллект деңгейі жоғары білім алушы өзін және айналасындағыларды жақсы түсінуге, академиялық жетістіктер үшін өз ресурстарын түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, болашақ

педагог-психологтардың GPA академиялық бөлігі стресстік факторларды бөлу мүмкіндігімен және оларды жеңу қабілетімен анықталады.


Зерттеу жұмысының анықтау кезеңінде зерттеу әрекеттері білім алушылардың эмоционалды интеллект деңгейін диагностикалауға бағытталған. Әдістеме бастапқы және соңғы диагностиканы жүргізу үшін бірнеше рет қолданылды.

Эмоционалды интеллект ең танымал әдістердің бірі Холл эмоционалды интеллект тестімен (EQ test) өлшенді [18]. Бұл тестте келесі эмоционалды аспектілерге (эмоционалды құзыреттіліктерге) назар аударылады: эмоционалды хабардарлық, өз эмоцияларын басқару, өзін-өзі ынталандыру, эмпатия мен басқа адамдардың эмоцияларын тану. Бұл әдіске жүгіну оның кең қолданылуымен және эмоционалды интеллектті бес өлшем бойынша бағалаудың кешенді тәсілімен байланысты болды.

Зерттеу жұмысының бақылау кезеңінде эмоционалды интеллект бойынша сауалнама жүргізілді [4, 854-б.]. Бұл сауалнаманың мақсаты эмоционалды құзыреттіліктің жоғарылауы білім алушылардың оқу процесіне, тәртібі мен үлгеріміне, сондай-ақ олардың басқалармен қарым-қатынасына әсер еткенін тексеру болды.

**Нәтижелері мен оларды талқылау**

Зерттеу жұмысының анықтау кезеңінде Н.Холлдың «Эмоционалды интеллект» әдістемесі арқылы алынған нәтиже 1-ші суретте көрсетілген.




Сурет 1. – Анықтаушы кезеңінің эмоционалды интеллект шкалалардың нәтижесі (Н.Холлдың «Эмоционалды интеллект»)

Эмоционалды интеллект шкалалардың ішінде «Басқа адамдардың эмоцияларын тану» (23%), яғни басқа адамдардың эмоционалды жағдайына әсер ету қабілеті, сондай-ақ «Эмоциялық хабардарлық» шкаласы бойынша (30,7%), ол сол нақты эмоцияларды, адам сезінген сәтте және не үшін екені түсінетіні жоғары деңгейде анықталынды.

Эмоционалды интеллект шкалалар арасындағы білім алушыларда орташа деңгей «Өзін-өзі ынталандыру» шкаласы бойынша (15,3%), яғни оладың эмоцияларын еркін басқару мен «Эмпатия» (19,2%), яғни өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі бойынша көрсетті.

Білім алушылардың төменгі деңгейді «Өз эмоцияларын басқару» шкаласы бойынша (11,5%), яғни ол эмоцияларын жақсы басқара алмай, жиі эмоциялар оларды басқарады деген қорытынды жасалынды. Зерттеу жұмысының анықтау кезеңінде алынған нәтижелер 2-ші сурет түрінде көруге болады.



Сурет 2. – 6B01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың эмоционалды интеллект деңгейінің көрсеткіштері



Бақылау және эксперименттік топтарды саралау критерийі эмоционалды интеллекттің деңгейлік сипаттамалары болды. Нәтижелерді талдау кезінде мына көрсеткіштер анықталды: білім алушылардың 65,4 % -ы төмен деңгейді көрсетті, яғни олар көп уақытын қиын және мәселелі жағдайларда теріс психологиялық жағдайлармен күресуге жұмсайды. Негізгі айырмашылық – эмоционалды тұрақсыздық, сенімділіктің төмендеуі, оқытушылардың ескертулеріне жоғары сезімталдық, мотивацияның төмендеуі. Бұл адамдар өмірде күрт өзгерістерге бейімделуге тырысуы керек.

«Эмоционалды интеллект» бойынша білім алушылардың 19,2% -ы орташа деңгейді көрсетті, яғни білім алушы басқа адамның ағымдағы эмоционалды жағдайына саналы түрде түсіністікпен қарайды. Бірақ аз дәрежеде олар өздерінің эмоцияларын басқара алады. Негізгі ерекше қасиеттер рухтың беріктігін және мүмкін қиындықтарға қалыпты қарау қабілетін қамтиды.

Білім алушылардың 14,4 % -ы эмоционалды интеллект бойынша жоғары деңгейін көрсетті, яғни олар жағдайға тез бейімделу қабілетімен сипатталады, жеңілістерге сабырлы түрде қарайды, басқаларға төзімділік пен ымыраға бейімділікті көрсетеді. Олардың өзін-өзі бағалауы, жоғары өнімділігі және эмоционалды тұрақтылығы бар.

Осы 1-ші кестеге сүйене отырып, біз жүргізген экспериментке қатысқан орташа есеппен алынған 84,6% білім алушылардың эмоционалды интеллект деңгейі жеткіліксіз дамығанын, яғни олардың өзінің және басқалардың эмоцияларын түсініп басқаруы қиынға соғады деген қорытынды жасауға болады. Алынған деректерді ескере отырып, біз «Эмоциялар калейдоскобы» түзету және дамыту бағдарламасын ұсынамыз.

Алдағы жұмыс эмоционалды интеллект деңгейі орташа және төмен 22 білім алушыларға арналған түзетушілік-дамыту бағдарламасын әзірлеуге бағытталған. Топтың құрамына эмоционалды интеллект деңгейі жоғары көрсеткен білім алушылар кірмеді, өйткені «Эмоциялар калейдоскобы» атты түзетушілік-дамыту бағдарламасының мақсатына сәйкес келмейді.

Бұл бағдарлама төрт модульден тұрады:

Модуль 1. Өз эмоцияларын тану. Бұл модуль өз эмоцияларын танып, ойлауды жеңілдету үшін эмоцияларды қалай қолдануға болатындығын үйретуге арналған (эмоционалды жеңілдету). Қатысушылардан белгілі бір эмоционалды күйде болған кездегі физикалық сезімдерінің жиілігін бағалау сұралды. Мысалы, ашық көздер мен ашық ауыз таңдануды білдіреді, ал денеде салқындық сезімі көңілсіздікті білдіреді.

Модуль 2. Эмоцияларды басқару. Бұл теория мен практиканың үйлесімі. Теориялық бөлім негізгі эмоцияларды сипаттаудан басталады: қорқыныш, қуаныш, қайғы, жиіркеніш, ашу және таңдану. Өр эмоцияның сипаттамасы мимика қарқындылығының үш деңгейін бейнелейтін схемалық иллюстрациямен бірге жүреді. Жиынтық кестеде әдетте әрбір негізгі эмоциямен байланысты себептер, типтік физикалық көріністер және ойлар берілген.

Модуль 3. Эмоцияларды түсіну. Эмоцияларды анықтау жаттығуларынан тұрады. Біріншіден, білім алушылар өздерінің эмоционалды күйлері жайлы сапалы және сандық кері байланыс беруді үйренеді. Осыдан кейін олар басқалардың эмоцияларын бағалайды.

Модуль 4. Өзін-өзі ынталандыру. Модуль өзін-өзі ынталандыру, өзіне және басқаларға белгілі бір эмоцияларды тудыру қабілетін дамытуға бағытталған. Мысалы, осы мақсатқа жету үшін білім алушыға төрт эмоцияның (сын есімдердің) тізімі ұсынылады. Бағыттаушы сұрақтар білім алушыға сипатталған эмоцияны бастан өткерген жағдайға енуге көмектеседі. Білім алушыларға оларды осы күйге не әкелгенін еске түсіру, сол кездегі сезімдерін, дыбыстары мен визуалды бейнелерін және жағдайдың өзін барлық бөлшектермен сипаттау тапсырылды.


«Эмоциялар калейдоскобы» түзетушілік-даму бағдарламасына енгізілген әдіс-тәсілдер: психологиялық тренингтер мен әдістер, арт-терапия, эмпатия картасы-Empathy Map Canvas, мәселелік жағдаяттар, музыкалық терапия, психогимнастика, мінез-құлық терапиясы, пікірталас әдістері, жобалық жұмыстар, сондай-ақ өзін-өзі реттеу әдістері мен тәсілдері.

«Эмоциялар калейдоскобы» түзетушілік-дамыту бағдарламасын іске асыру барысында білім алушылардың ЭИ тұлғааралық құрылымдық компонентіне көп назар аударғанын және үлкен қызығушылық көрсеткенін байқадық. Бұл, нәтижеге жету үшін топтық жұмыс дағдыларын қажет ететін бірлескен тапсырмаларды, жобаларды орындайтын, қоғамдық іс-шараларға қатысатын, бір сөзбен білім алушылардың бір-бірімен үнемі тығыз қарым-қатынаста болуын қамтамасыз ететін топтық оқыту түріне байланысты болуды айтамыз. «Эмоциялар калейдоскобы» түзетушілік-дамыту бағдарламасының соңында әрбір білім алушыда өз сезімдерін түсіну, өзіндік себептерді анықтау қабілеті сезілді, білім алушылар бір-бірін жақсы сезінді, бір-бірін тыңдауды және естуді үйренді, мейірімділік пен түсіністікке ие болды. «Музыкалық терапия» әдісі арқылы олар өз сезімдерін белсендірді, қолайсыз көзқарастар мен қатынастарды жеңді, эмоционалды жағдайды жақсартты. Психогимнастика әдісін қолдана отырып, білім алушылар уайымдау сезімін, эмоционалды күйін, қозғалыс, мимика, пантомимика арқылы мәселелерін білдіреді. Пікірталас әдістері кезінде білім алушылар өздерінің сезімдері мен эмоцияларын белсенді түрде көрсетті, туындаған жағдайларға деген көзқарастарын едәуір кеңейтті, одан шығудың жолын іздеді және жауапкершілікті өз мойнына алып, өздерін сол қалпында қабылдауға үйренді. Бағдарламаның соңында білім алушылар топтарға

бөлініп, өзекті де қызықты тақырыптар бойынша жоба жұмыстарын қорғады. Қорғау барысында, бойларында байқалған динамикалық өзгерістер мен қалыптасқан дағдылары жайлы өз ойларымен бөлісті.

«Эмоциялар калейдоскобы» атты түзетушілік-дамыту бағдарламасын жүзеге асырғаннан кейін білім алушылардың ЭИ-нің деңгейін тексердік. Ол үшін Н.Холлдың «Эмоционалды интеллект» сауалнама әдісін қолдана отырып, ЭИ-тің орташа және төмен деңгейін көрсеткен білім алушылармен бақылау диагностикасын жүргіздік.

Төменде зерттеу жұмысының бастапқы және қорытынды кезеңдерінде алынған мәліметті Н. Холлдың «Эмоционалды интеллект» әдістемесінің шкалалар нәтижесі салыстырмалы түрде 3-ші суретте көрсетілген.



Сурет 3. Анықтаушы және қорытынды кезеңдерінің эмоционалды интеллект шкалалардың салыстырмалы анализі (Н.Холлдың «Эмоционалды интеллект»)

3 суретте көрсетілгендей эмоционалды интеллект шкалалардың ішінде «Өз эмоцияларын басқару» шкаласы – 15,5%-ға айрықша өзгергенін байқауға болады. Зерттеу жұмысының анықтаушы кезеңінде көрсеткен нәтижесімен (11,5%) салыстырғанда 4%-ға өскенін байқауға болады. Ол білім алушылар өз эмоцияларын бақылап, стресстік жағдайларда өз эмоцияларын жақсы басқара алатынын мәлімдейді. Қалған шкалаларды салыстырғанда: «Эмоционалды хабардарлық» шкаласы 2,5%-ға өзгергені, «Өзін-өзі ынталандыру» шкаласы 1,2%-ға, ал «Эмпатия» шкаласы 0,8%-ға жоғарлағаны, «Басқа адамдардың эмоцияларын тану» шкаласы бойынша 3,5%-ға өзгергенін байқауға болады.

Зерттеу жұмысының анықтаушы және қорытынды кезеңдерінің эмоционалды интеллект деңгейлерінің көрсеткіштері төменде көрсетілген (1-ші кесте).

Кесте 1. – Зерттеу жұмысының анықтаушы және қорытынды кезеңдерінің эмоционалды интеллект деңгейлерінің көрсеткіші

Эмоционалды интеллект деңгейлері	Деңгейлер бойынша бөлу			
	Эксперимент басы		Эксперимент соңы	
	26 білім алушы		22 білім алушы	
	Саны	%	Саны	%
Төмен	17	65,4	4	18,2
Орташа	5	19,2	7	31,8
Жоғары	4	15,4	11	50

Зерттеу жұмысының қорытынды кезеңінде Н.Холл «Эмоционалды интеллект» әдістемесі бойынша эмоционалды интеллекттің төмен деңгейін көрсететін білім алушылар саны – 4 (18,2%), орташа деңгейін көрсеткен – 7 білім алушы (31,8%), 11 білім алушы (50%) эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейін көрсетті. 4-ші кестеде келтірілген зерттеу жұмысының қорытынды нәтижелер эмоционалды интеллект деңгейлерінің зерттеу жұмысының анықтаушы кезеңінде алынған нәтижелерге қарсы айтарлықтай айырмашылықтары бар екенін айқын көрсетеді. Эмоционалды интеллект деңгейі жоғары көрсеткен білім алушылар, бастапқы деңгейге қарағанда, 34,6 %-ға өскенін байқауға болады.

Арнайы құрастырылған түзетушілік-дамыту бағдарламасын оқытудан кейін барлық сынаққа қатысушыларда айырмашылықты анықтау үшін эмоционалды интеллект бойынша сауалнамадан өтті [4, б.854]. Қатысушылардан бірнеше қосымша сұрақтарға жауап беру сұралды.

«Сіз білім беру үдерісінің сапасына қалай қарайсыз? Бұл оқытудан кейін өзгерді ме?» сұрағы бойынша келесі нәтижелер алынды: сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі - 62% - білім беру процесіне оң көзқараспен қарайды және бағдарламаны игергеннен кейін өзгерістерді сезінді, ал 28% - ы оқуда аздап ілгерілеуді көрді және білім алушылардың 10% - ы оқу процесінде қиындықтарды көреді; - сонымен бірге 76% оқудан кейін сыныптағы тәртіптің жақсарғанын көреді; 24% оқудан кейін сыныптағы тәртіптің жақсарғанын байқамады;

- «Осы оқу бағдарламасына қатысу сіздің білім алушылармен және әріптестеріңізбен қарым-қатынасыңызға әсер етті деп ойлайсыз ба?» сұрағы бойынша әрбір екінші (65%) дерлік «білім алушылармен қарым-қатынасқа оң әсер етті» деп атап өтті; 27% – байланысқа ашық бара бастағанын, қарым-қатынастағы кедергіні еңсергенін атап өтті; 8% – «мен үшін маңызды емес» жауабын таңдады;

- «оқу сабақтары оқудан кейін қызықты бола бастады ма?» деген сұраққа 81% пәндерге үлкен қызығушылық бар деп жауап берді, 19 % «байқамадым» деп жауап берді;

- сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі - 74% - өздерінің және басқа адамдардың эмоцияларын жақсы түсіне бастады, ал 26% «мен үшін маңызды емес» жауабын таңдады;

- «сіз оқудан кейін білім алушыларды жақсы түсінесіз бе?» сұрағына 69% өз құрдастарымен қарым-қатынастың жақсарғанын байқадық деп жауап берді, 24% прогресс бар екенін атап өтті, бірақ кедергілердің бар екенін көрсетті, 7% «мен үшін маңызды емес» жауабын таңдады;

- «оқудан кейін сізде қайшылықты жағдайлар болды ма?» сұрағы бойынша 57% «оқудан кейінгі қақтығыс жағдайлары жоқ», 43% «мәселенің сындарлы шешімімен қақтығыс жағдайлары бар» - деп жауап берді.

Осылайша, алынған деректерді талдау негізінде, білім алушыларда ЭИ көрсеткішінің жоғары деңгейі басым екені анық көрінеді, бұл білім алушылардың эмоционалды интеллект тұлғалардың қанағаттанарлық деңгейдегі негізгі ерекше қасиеттер рухтың беріктігін және мүмкін қиындықтарға қалыпты қарау қабілетін қамтиды.

Сұхбат барысында әрбір қатысушы эмоционалды интеллект бағдарламасын болашақ педагог-психологтардың оқу бағдарламасына енгізудің маңыздылығын растады.

Сұхбатқа сәйкес, эмоционалды интеллект оқыту және білім беру үдерісінің сапасын арттырды. Сонымен қатар, студенттер эмоционалды реакциялар мен эмоционалды күйлерді, өздерінің және басқа адамдарды жақсы түсінетіндіктерін хабарлады. Олар жасаған бақылаулар басқалармен қарым-қатынастың және топтағы тәртіптің жақсарғанын көрсетті [13, 51-б].

Эксперименттік топтағы қайта диагностикалау нәтижесі бойынша оң динамика бар деген қорытынды жасауға болады, атап айтқанда: Н.Холл «Эмоционалды интеллект» әдістемесіне сәйкес білім алушылардың жоғары эмоционалды интеллект деңгейі 50% құрады.

Эмоционалды интеллектісі жоғары деңгейлі білім алушы оқу, зерттеу және әлеуметтік жұмыстарын қатар алып жүріп, сол бағыттарда белсенділік көрсете біледі. Сонымен қатар, білім алушылардың өзін-өзі бағалауы және өзіне деген сенімділігі жоғары, тәуелсіз, өз өмірлеріне айтарлықтай қанағаттанады.

Болашақ педагогтардағы эмоционалды интеллекттің жалпы жағдайын талдай отыра, «Эмоциялар калейдоскобы» түзетушілік-дамыту бағдарламасын оқығаннан кейін тұлғааралық және тұлғашылық қарым-қатынас дағдылары айқын көрінгені байқалады. Өйткені, мықты эмоционалды реттеу және жақсы бейімделу үрдісі оқуға байланысты стрессті жеңу және оқуда табысқа жету үшін пайдалы. Ақырында, эмоцияларын жақсы басқаратын білім алушылар жақсы әлеуметтік қарым-қатынас орната алады, бұл жақсы ынтымақтастық, топтық оқытудың жақсаруы, бір курста оқитындар жағынан үлкен қолдау және оқытушылармен қарым-қатынасты жақсарту үшін адекватты әлеуметтік ортаны ынталандырды.

Жүргізілген талдау эмоционалды интеллекттің қалыптасуына ықпал ететін жеке тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктерін дамытуға бағытталған, эмоционалды интеллекттің қалыптасуына жәрдемдесетін «Эмоциялар калейдоскобы» түзетушілік-дамыту бағдарламасын қолдану тиімділігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Бағдарламада көзделген нысандар мен тәсілдер топта сенімді атмосфераны құруға, білім алушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға, ортақ мүдделерді табуға, өз мүмкіндіктеріне деген сенімділікке, тұлғааралық байланыстарды орнатуға, өзін-өзі басқара білуге және өзара әрекеттесуді сауатты құруға, топта қолайлы микроклимат құруға, эмоционалды шиеленісті жеңілдетуге ықпал етті.

#### **Қорытынды**

Эмоционалды интеллект – бұл салыстырмалы түрдегі жаңа тұжырымдама. Демек, оның білім беру үдерісіне қысқа және ұзақ мерзімді әсерін зерттеу өте маңызды болып көрінеді. Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты – эмоционалды интеллектті оқытуды педагог-психолог студенттердің эмоционалды құзыреттілігіне олардың эмоционалды интеллект деңгейлерін оқытуға дейін және одан кейін өлшеу арқылы қалай әсер ететінін анықтау. Біз әзірлеген «Эмоциялар калейдоскобы» бағдарламасы болашақ педагог-психологтарын эмоционалды интеллекттісін дамытуға, атап айтқанда

өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуды басқаруға, оқушылардың жеке қасиеттерді, тиімді қарым-қатынастарды, жеке өсуге деген ынтаны дамытуға және жетістіктерді бағалауға бағытталған.

Қазіргі білім беру ортасының трансформациясы негізінен жеке дамуға бағытталған. Оқу үдерісінің эмоционалды компоненті мамандарды даярлаудың ажырамас бөлігіне айналады. Жүргізілген диагностика болашақ педагог-психологтардың GPA (зерттеу, академиялық, әлеуметтік) эмоционалды интеллекттің дамуымен тікелей байланысты екенін көрсетті. Біздің ойымызша, бұл нәтиже болашақ түлектердің ЭИ одан әрі дамуының мүмкін әлеуеті ретінде қарастырылуы керек. Манаш Қозыбаев атындағы СҚУ-нің «Педагогика және психология» кафедрасы (Петропавл қ.) болашақ педагог-психологтарды даярлау кезінде оқытушылар білім алушылардың ЭИ дамуына ықпал ететін оқытудың заманауи технологияларын, оның ішінде коммуникативтік ойындар мен вербалды және вербалды емес құзыреттілікті дамыту бойынша тренингтерді, жобалау жұмыстарын, коммуникативтік, интерактивті және перцептивті дағдыларды қолданады.

Сарапшылар психологиялық-педагогикалық қызметті ұйымдастыру, сенімге ие болу және сыныпта тәртіпті сақтау үшін, педагог-психологтар басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасай алуы керек деп санайды. Сонымен қатар, жоғары эмоционалды интеллект педагогтерге өз жұмысына жауапкершілікпен қарауға, олардың эмоционалды фонындағы кез-келген өзгерістерді байқауға және қажет болған жағдайда түзетуге мүмкіндік береді.

Танымдық-зерттеу және әлеуметтік-білім беру қажеттіліктеріне назарларын аудара отырып, қызметін жаңа бастаған педагог-психологтардың педагогикалық қызметке дайындығы мен қабілеттеріне эмоционалды интеллект әсерін зерттеу нәтижелері анықтайды.

Осы тақырыпты зерттеу кезінде алынған нәтижелер нақты және білім берудегі эмоционалды интеллектті одан әрі зерттеу үшін құнды болуы мүмкін. Сонымен бірге психологиясы мен педагогикада да қолдануға болады. Осыған сәйкес, ұсынылған әдістеме мен нәтижелер болашақ мұғалімдерді оқытудағы эмоционалды интеллекттің рөлін зерттеу үшін, сондай-ақ өз эмоцияларын жақсырақ түсіну мен бақылауды дамыту үшін ұқсас оқу бағдарламаларын әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, мақалада оқытушының эмоционалды интеллектісін арттыру болашақ педагог-психологтарды күрделі қоғамда әрі қарай оқыту және кәсіби қалыптастыру үшін пайдалы екендігі дәлелденді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Лукша П., Кубиста Д., Ласло А., Попович М., Ниненко И.** Күрделі қоғамға арналған білім / П. Лукша, Д. Кубиста, А. Ласло, М. Попович, И. Ниненко // Баяндама Global Education Futures (2014-2017жж.) – 2018. [Электрондық ресурс] URL: <http://vcht.center/wp-content/uploads/2019/06/Obrazovanie-dlya-slozhnogo-obshhestva.pdf> (жүгінген уақыты - 19.05.2023).
2. **Spenser-Keis D., Luksha P., Kubista Dzh.** Educational ecosystems: Emerging practices for future education [Text] / D. Spenser-Keis, P. Luksha, Dzh. Kubista // Moscow: Moscow School of Management SKOLKOVO i Global Education Futures. – 2020. – 170с.
3. **Васьбиева Д.Г.** ЖОО студенттері арасында эмоционалды интеллекттің қазіргі заманғы тұжырымдамалары және оның қалыптасуы мен даму факторлары мәселесі туралы [Мәтін] / Д.Г. Васьбиева // Ғылым, мәдениет, білім әлемі, «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2022. – № 4. – С. 5-7.
4. **Tuyakova, U., Baizhumanova, B., Mustapaeva, T. et al.** Developing emotional intelligence in student teachers in universities / U.Tuyakova, B.Baizhumanova, T. Mustapaeva // Humanities and Social Sciences Communications – 2022. [Electronic resource] URL: <https://www.researchgate.net/publication/360357908> (жүгінген уақыты - 19.05.2023).
5. **Бердникова И.А.** Эмоционалды интеллект студенттердің психологиялық жай-күйін болжаушы ретінде [Мәтін]: автореф. дис... психол. ғылым. канд. / И.А. Бердникова. – М.: Қ. А. Тимирязев атындағы АШМ, 2022. – 24 б.
6. **D’Amico A., Geraci A.** Meta Emotions at School: A Program for Promoting Emotional and MetaEmotional Intelligence at School; a Research-Intervention Study / A. D’Amico, A. Geraci // Education Sciences. – 2022, –12(9) [Electronic resource] URL: <https://doaj.org/article/34b426ea501c4f8a9a2efdc6e57309ad> (жүгінген уақыты - 19.05.2023).
7. **Панькова АМ., Валиев Р. А., Максимова Л. А., Каримова В. Г., Асташов М. С.** Кәсіби қызметте тиімді өзара әрекеттесу шарты ретінде оқытудың әртүрлі бағыттары бойынша университет студенттерінің эмоционалды интеллектінің ерекшеліктерін зерттеу [Мәтін] / А. М. Панькова, Р. А. Валиев, Л. А. Максимова, В. Г. Каримова, М. С. Асташов // Ресейдегі педагогикалық білім. – 2022. – № 2. – С. 131-140.

8. **Majeski R., Stover M., Valais T., Ronch J.** Fostering emotional intelligence in online higher education courses [Электрондық ресурс]. – 2017. – URL: [https://www.researchgate.net/publication/319857027\\_Fostering\\_Emotional\\_Intelligence\\_in\\_Online\\_Higher\\_Education\\_Courses](https://www.researchgate.net/publication/319857027_Fostering_Emotional_Intelligence_in_Online_Higher_Education_Courses) (жүгінген уақыты - 19.05.2023).
9. **Abdolrezaپour P., Granbari N.** Emotional-based pedagogy and facilitating EFL learners' perceived flow in online education [Electronic resource]. – 2022. – URL: [https://www.researchgate.net/publication/363565495\\_Emotional\\_based\\_pedagogy\\_and\\_facilitating\\_EFL\\_learners'\\_perceived\\_flow\\_in\\_online\\_education](https://www.researchgate.net/publication/363565495_Emotional_based_pedagogy_and_facilitating_EFL_learners'_perceived_flow_in_online_education) (жүгінген уақыты - 19.05.2023).
10. **Meng L., Qi, J.** The effect of an emotional intelligence intervention on reducing stress and improving communication skills of nursing students [Electronic resource]. – 2018. – URL: [https://www.researchgate.net/publication/323186489\\_The\\_Effect\\_of\\_an\\_Emotional\\_Intelligence\\_Intervention\\_on\\_Reducing\\_Stress\\_and\\_Improving\\_Communication\\_Skills\\_of\\_Nursing\\_Students](https://www.researchgate.net/publication/323186489_The_Effect_of_an_Emotional_Intelligence_Intervention_on_Reducing_Stress_and_Improving_Communication_Skills_of_Nursing_Students).
11. **Nguyen T., White S., Hall K., Bell R.L., Ballentine, W.** Emotional Intelligence and Managerial Communication [Electronic resource]. – 2019. – URL: <https://doi.org/10.33423/ajm.v19i2.2068> (жүгінген уақыты - 19.05.2023).
12. **Okwuduba E., Chinaza K., Okigbo C., Nkiru N., Chinwe S.** Impact of intrapersonal and interpersonal emotional intelligence and self-directed learning on academic performance among pre-university science students [Electronic resource]. – 2021. – URL: [https://www.researchgate.net/publication/350516738\\_Impact\\_of\\_intrapersonal\\_and\\_interpersonal\\_emotional\\_intelligence\\_and\\_self-directed\\_learning\\_on\\_academic\\_performance\\_among\\_pre-university\\_science\\_students](https://www.researchgate.net/publication/350516738_Impact_of_intrapersonal_and_interpersonal_emotional_intelligence_and_self-directed_learning_on_academic_performance_among_pre-university_science_students) (жүгінген уақыты - 19.05.2023).
13. **Wang N., Young T., Wilhite S. C., Marczyk G.** Assessing students' emotional competence in higher education: Development and validation of the widener emotional learning scale [Text] / N. Wang, T. Young, S. C. Wilhite, G. Marczyk // *Journal of Psychoeducational Assessment*. – 2011. – № 29 (1): – 47-62.
14. **Maguire R., Egan A., Hyland P., Maguire P.** Engaging students emotionally: The role of emotional intelligence in predicting cognitive and affective engagement in higher education [Text] / R. Maguire, A. Egan, P. Hyland, P. Maguire // *Higher Education Research & Development*: – 2017. – № 36 (2). – P. 343-357.
15. **Radu C.** Emotional Intelligence - How do we motivate our students? [Text] / C. Radu // *Pro-cedia-Social and Behavioral Sciences*. – 2014. – № 141. – P. 271-274.
16. **Zysberg L., Orenshtein C., Gimmon E., Robinson R.** Emotional intelligence, personality, stress, and burnout among educators [Text] / L. Zysberg, C. Orenshtein, E. Gimmon, R. Robinson // *International Journal of Stress Management*. – 2017. – № 24 (S1). – P. 1-16.
17. **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасын бекіту туралы** [Электрондық ресурс]. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі қаулыс. № 241 / <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000241> (жүгінген уақыты - 19.05.2023).
18. **Ильин, Е.И.** Эмоциялар мен сезімдер: оқулық университеттер үшін [Мәтін] / Е.И. Ильин. - Санкт-Петербург: «Петр» баспасы. – 2011. – 175 с.

## REFERENCES:

1. **Luksha P., Kubista D., Laslo, A., Popovich M., Ninenko I.** Obrazovanie dlya slozhnogo obshhestva [Education for the complex society]. *Global Education Future*, 2018, 212 p., available at: <http://vcht.center/wp-content/uploads/2019/06/Obrazovanie-dlya-slozhnogo-obshhestva.pdf> (accessed 19 May 2023). (In Russian).
2. **Spenser-Keis D., Luksha P., Kubista Dzh.** (2020). *Obrazovatelny'e ekosistemy': vznikayushhaya praktika dlya budushhego obrazovaniya* [Educational ecosystems: Emerging practices for future education]. Moscow: Moskovskaya shkola upravleniya SKOLKOVO. *Global Education Futures* (In Russian).
3. **Vasbieva D.G.** (2022). K voprosu o sovremenny'h koncepciyah e'mocionalnogo intellekta i faktorah ego formirovaniya i razvitiya u studentov vuza [On the issue of modern concepts of emotional intelligence and factors of its formation and development in university students]. *Mir nauki, kultury', obrazovaniya*. Seriya «Pedagogicheskie nauki», no.4, pp. 5-7. (In Russian).
4. **Tuyakova U., Baizhumanova B., Mustapaeva T.** et al. Developing emotional intelligence in student teachers in universities. *Humanit Soc Sci Commun*, 2022, 9, 155 p. <https://doi.org/10.1057/s41599-022-01173-w>
